# SARYARQA

11 jeltoqsan
2020 jyl

Saryarqa.info

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№46 (8210)



AINA — МӘҢГІЛІК МҰРАТ ЖОЛЫНДА — 3-бет

QOǴAM — ІЛКІМДІ ЖОБА – ЕЛ ИГІЛІГІНЕ — 4-бет

ÁLEÝMET — АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК — 6-бет

RESMI — САУДА-САТТЫҚ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА — 9-бет


# ТӘУЕЛСІЗДІК ТУЫ БЕРІК ҚОЛДА



*1991 жылғы желтоқсан айының 10-шы жұлдызы болатын. Республика сарайында бүкіл халық сайлаған Қазақстанның тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың қызметке кірісуіне байланысты болатын салтанатты мәжіліске шақырту қағазын алған едім. Уақытында сарайға келдім. Таңертең ғана Парламент мемлекетімізді Қазақстан Республикасы деп атау жөнінде Заң қабылдаған. Енді ықылым заманнан бері тарихта алғашқы сайланған халық Президенті таққа отырғалы отыр.*

Егемендік алған жас мемлекеттің ертеңі қандай, басқа қонған бақ баянды бола ма, еңсемізді көтеріп, өркениетті демократиялық қоғам құра аламыз ба деген сұрақтар көңілімізді кеулеп тұрған.

Президент мінбе жанына келіп, қолын Конституцияға, мемлекеттік тәуелсіздік Декларациясына қойып, ішкі сезімі сыртқа теуіп, нық та сенімді қоңыр үнмен ант берді. Залда отырғандардың жан дүниесі, ой-толғамы сілкінгендей болды, күдіктері демде сейіліп, болашаққа үміт шамшырағы жарық етті. Зал ду қол шапалаққа көміліп, бір сәт халқымыздың бірлігі мен берекесін, қайрат пен мәрттігін, асыл арман, ақ тілегін әлдилеген бесік сияқты көрінді.

Өңірдегі сайлаушылармен кездесулердің соңында Президент Жезқазған облысына келген еді. Мыс қорыту зауытында, шахталарда болды, металлургтермен, кеншілермен, жастармен, мұғалімдермен, тұрғындармен кездесулер өтті. Халық Нұрсұлтан Назарбаевтың атына қанық, от көсеп, метал балқытқан металлургтің еңбегіне тәнті. Қазақстан Компартиясы Орталық комитеттің хатшысы, республика Үкіметінің басшысы болмысында мысты өлкеге келіп, талай экономикалық-әлеуметтік мәселелердің түйінін тарқатып, тұрлаулы шешімдер қабылдаған. Сондықтан да Ұлытау оны өз ұлындай төсіне басып, ақылман ақсақалдар алла аузына салған ақ батасын беріп, қатарлары мен жастар көшбасшымыз деп шын жүрекпен қолдап қарсы алған.

– Жезқазғандықтарға ырзамын. Қадамыма сенім, жүрегіме жалын, қанатыма күш қостыңыздар. Металлургтер мен кеншілер – тірегім. Көріскенше күн жақсы болсын, – деді Нұрсұлтан Назарбаев әуежайда шығарып салғандармен қоштасып тұрып.

Президентті ұлықтау тарихи салтанатында ақылман аталар мен марғасқа жайсаңдар ой толғады, парасатты пікірлерін ортаға тастады. Президент Н.Назарбаев сөз сөйледі: «Бүгінгі күн – қазақ елінің шежіресіне мәңгі енетін күн... Бәрін де көрген халықпыз, бәріне көнген халықпыз. Ежелден еркіндікті аңсап, азаттықты көксеп келе жатқан еліміздің басына талай рет бақ та орнап, бағы да тайып, сағы да сынған, қилы кезең, зар заманға да талай ұшыраған. Шүкір, кештеу болса да ес жиып, еңсе көтеріп, егеменді елдің туын да тіге бастадық» деді ол. Ой ағысы өткенге салауат, болашаққа жігерлі құлшыныс керек деп алға жетелеп тұр.

Шындық та осыған сайды. 1991 жылдың 16 желтоқсанында «Қазақстанның мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылданды. Осыдан бері тұтас ұрпақ дүниеге келді. Ол жаңа жағдайда өсті, нарыққа көшудің ащы дәмін байқап, тәтті дәмін татты, замана керегіне қарай білім-ғылым игеріп, әлемдік бәсеке әлемінде Қазақстанды алға сүйреп жүр. Қазақ халқының мақтанышы мемлекетіміздің символы Нұрсұлтан қаласы инвестициялық күш-қуатымыздың және белсенділігіміздің орталығына айналды.

Тәуелсіздік жылдары елімізде 300 млрд доллардан астам тікелей инвестиция тартылды. Алтын-валюта резерві 90 млрд доллар деңгейінен асты. Кедейшілік деңгейі 10 есе төмендеді. 15 мың шақырымға жуық автомобиль магистралі, 2,5 мың шақырым теміржол салынды. Индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасы бойынша 1250 жаңа кәсіпорын іске қосылып, 300 мың жаңа жұмыс орны ашылды. Еуразия аймағындағы жолдардың тоғысқан торабына орналасқан еліміз өз өнімімізді өткізудің аса ірі нарықтарының орасан зор әлеуетіне ие болып отыр. Таяу жатқан сыйымдылығы 2 млрд адамға жуық нарықтардың кез келгені Қазақстан өнімін егер бәсекелестікке қабілетті болса, сатып алып жатқанына куә болып отырмыз. Сол үшін мыңдаған км мұнай айдайтын құбырлар, жаңа порттар, трасконтиненттік теміржолдар салынды. 146 мемлекетпен алыс-беріс жасап жатырмыз. Сонымен еліміздің жаһандық көлік дәліздерімен интеграцияланып, Азия мен Еуропаны байланыстырған Қазақстанның тарихи мәртебесі қалпына келтірілді.

Әрине, бұлар алғашқы қадамдар. Қазақ елі жер көлемі жағынан дүние жүзінде тоғызыншы орын, Азияда Қытай, Үндістаннан, Ресейден кейін төртінші орын алады. Ал, Еуропаның 12 елі бізге сыйып кетеді. Ұлытау–Жезқазған өңірін алайық. Еуропаның Дания сияқты төрт мемлекеті еркін сыйып кетеді.

Қазақстанда Менделеев кестесіндегі 126 элементтің 99-ын өндіруге болады. Оған 1225 түрлі минералдар қоспасын құрайтын 5 мыңына үлкенді-кішілі кеніштерді есепке алайық. Мұндай дүниені сыртқа шикізат күйінде шығаруда ұтылып отырмыз.

►►*4-бетте*

### *Құрметті жезқазғандықтар және қала қонақтары!*

Сіздерді Ұлттық мереке – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл бабалар арманы – азаттық орнаған күн. Тәуелсіздік арқасында армандар шындыққа айналды. Біз – Ұлы Даланың мұрагерлері болашаққа нық басып барамыз. Осы баға жетпес байлықты сақтау және көбейту біз үшін абыройлы міндет.

Бүгінде Қазақстан Республикасы – тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекет. Ол өз аумағында толық билікке ие, ішкі және сыртқы саясатты дербес анықтайды және жүргізеді. Әлемнің 180-нен астам мемлекетімен дипломатиялық қарым-қатынаста, БҰҰ және оның жетекші мекемелерінің, басқа да халықаралық ұйымдардың мүшесі болып табылады. Төрткүл дүниемен терезесі тең.

Қазақ елінің тұғыры – берік, мақсаттары – айқын. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында айтылғандай «Жаңарған ұлт қана жаңғырған елдің жетістігін жаһан жұртына таныта алады». Қазақстан қоржынын ең үздік тәжірибесімен толықтыра отырып, «Жауапты мемлекет – Жауапты қоғам – Жауапты адам» жүйесін берік етіп орнауға бет алды, бұл, сөзсіз, оны прогреске жетелейді.

Мемлекетіміздің тұғыры болған Ұлытау мен мемлекет құру жолындағы талай күрес, өркендеу мен қайта өрлеудің куәсі болған Сарыарқа даласының ұрпақтары – жезқазғандықтар да өзінің белсенді азаматтық ұстанымы, күнделікті адал еңбегімен елімізді ілгерілетудің жаңа бағытына қомақты үлес қосуда. Мыс шаһарының тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуы оның гүлденуінің жаңа көкжиектерін көруге мүмкіндік береді. Бұл – өңірдің бай жер қойнауын, жаңа технологияларды одан әрі игеру, экономиканы әртараптандыру, экологияны жақсарту, халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету бойынша сапалы қызмет көрсетуге жағдай жасау және аббатандырылған, сондай-ақ жайлы орта қалыптастыру.

***Қымбатты жерлестер!***

Әрқайсымыз үшін ерекше маңызды мерекеде сіздерді Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына тарту ретінде бастау алатын, «Жезқазған қаласының 70 жылдығына – 70 игі шара» жобасын жүзеге асыруға шақырамыз. Абырой мен бедел тек бірлікте!

Ең басты құндылық – Отанымыздың тәуелсіздігі мызғымай, мәңгілік болсын! Баршаңызға бақ-береке, табыс және жарқын болашақ тілейміз!

Мереке құтты болсын!

Жезқазған қаласының әкімі **Қайрат ӘБСАТТАРОВ**
Қалалық мәслихаттың хатшысы **Советбек МЕДЕБАЕВ**

# АЙМАҚ АХУАЛЫМЕН ТАНЫСТЫ

***«Nur Otan» партиясы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Байбек Жезқазған қаласына келген жұмыс сапарында жаңадан ашылған инфекциялық модульді орталықтың, Жезқазған мыс қорыту зауытының ұжымымен және жас белсенділермен кездесті. Сонымен бірге, «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде Жошы хан кесенесінің жанынан салынып жатқан тарихи-мәдени кешеннің құрылысымен танысты.***



Пандемиямен күресте алдыңғы қатардан табылған ақ халаттылардың еңбегіне алғысын білдірген Бауыржан Байбек денсаулық сақтау саласындағы түйткілді мәселелерді, атап айқанда Жезқазған қаласының көпбейінді ауруханасын күрделі жөндеуден өткізу, жас мамандарға арнап жатақхана салу қажеттігіне қанықты. Кезек күттірмейтін бұл мәселелер партияның өңірлік сайлауалды бағдарламасын іске асыру аясында өз шешімін табады деп сендірген төрағаның бірінші орынбасары «Ютария LTD» өндірістік-инновациялық компаниясына қарасты «Жарқын ақыл» білім орталығына жиналған бір топ жаспен пікірлесті.

Кездесуге келгендердің басым көпшілігі «Nur Otan» партиясының өңірлік праймеризінде жеңімпаз атанып, қалалық мәслихат сайлауына арналған партиялық тізімге енген. Жалпы, Жезқазған бойынша партиялық тізім 60%-ке жаңарса, ондағы жастардың үлес саны 0-ден 23%-ке өскенінен хабардар болған Бауыржан Қыдырғалиұлы дамыған әлем елдерінің отыздығына кіруді мақсат тұтқан еліміздің арқа сүйері білімді де бәсекеге қабілетті ұрпақ екеніне назар аудартты. Жастарға үлкен жетістікке жол ашатын маңызды мемлекеттік бағдарламалардың барын тілге тиек еткен ол мемлекет ұсынған осы мол мүмкіндіктерді пайдаланып, жастық шақтың күш-қуатын туған жердің өркендеуіне жұмсауға шақырды.



«Nur Otan» партиясы Қарағанды облысы филиалының төрағасы Жеңіс Қасымбек пандемия жағдайында өңір экономикасы қалыпты күйде сақталғанын айтып, алып кәсіпорын «Kazakhmys Smelting» ЖШС қызметкерлерінің жаппай жұмыстан босатылуына, жастар жұмыссыздығының өсуіне жол берілмегенін, сондай-ақ өндірісте еңбек құқығы қатаң сақталып, жұмыскерлерді әлеуметтік қолдау шаралары барын жеткізді.

– Жаңа сын-қатерлерді ескере отырып, «Nur Otan» партиясы еңбек нарығының сұранысын ескере келе, жаңа тұрақты жұмыс орындарын ашу, кадрларды қайта даярлау бойынша кешенді шараларды қолға алады. Бұл ретте отандық өндірушілерге қолдау көрсетуге, бәсекеге қабілетті және импортты алмастыратын өнімдер шығаратын жаңа өндіріс орындарын ашуға басымдық беріледі. Бұл міндеттер біздің Жезқазған қаласы бойынша қалалық сайлауалды бағдарламамызда қамтылған. Ол қараша айында халықпен кеңінен талқылау негізінде қабылданған болатын, – деп мыс қорыту зауытының қызметкерлерімен өткен кездесуді түйіндеген Бауыржан Байбек олардың жұмысына сәттілік тіледі.

Жезқазғандағы жұмыс сапарын Жошы хан тарихи-мәдени орталығының құрылысы алаңында аяқтаған «Nur Otan» партиясы төрағасының бірінші орынбасары аталған тарихи нысан халықаралық деңгейдегі этнографиялық туризмнің орталығына айналатынына сенім білдірді.

**Өз тілшіміз**

***Халықаралық волонтерлар күні қарсаңында жезқазғандық бір топ белсенділер қала басшысы Қайрат Әбсаттаровтың Алғыс хаты мен мерекелік төсбелгіге ие болды.***

# ВОЛОНТЕРЛАР ТӨСБЕЛГІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

– Елімізді жайлаған қауіпті індет кезінде уақытпен санаспай, күні-түні көмекке мұқтаж жандарға қол ұшын созған волонтерлар еңбегі қашан да мақтауға тұрарлық. Осы тұста жезқазғандық еріктілердің де еңбегі ерекше. Ауру үдеген шақта халыққа 120 килограмдық оттегі баллондарын тасып, маска, дәрі-дәрмек, азық-түлік жеткізген волонтерларға алғысымыз шексіз. Жезқазғандық волонтерлар сапында ер адамдардан қалыс қалмай, қиын-қыстау күнде қолдарынан келгенше көмек көрсеткен қыз-келіншектерге де рақметімді білдіремін. Әрбір істеріңізге табыс, отбасыларыңызға береке-байлық тілеймін. Алдағы уақытта да осынау белсенді қалыптарыңыздан танбайды деген сенімдемін, – деді Қайрат Бектайұлы.



Ол тұрғындарға және медициналық қызметкерлер мен тәртіп сақшыларына қолдау көрсеткен кәсіпкерлер Бауыржан Мұқашев, Бауыржан Нысанбаев, Ерғазы Көрпеқұлов, Ботажан Достанбековаға және волонтерлар тобына «Алтын жүрек» төсбелгісі мен Алғыс хатын табыстады.

Елеулі марапатқа ие болғандардың қатарында қаламыздағы барлық ауқымды іс-шаралардың басы-қасынан табылып жүрген белсенді жас Ботакөз Мұхиден де бар.

– Жезқазған бойынша 200-ден аса волонтер бар. Бүкіләлемдік волонтерлар күніне орай карантин талаптарын ескере отырып, 60-қа жуық белсенді осы марапатқа ие болып отыр. Қатарымызға қосылушылар саны күннен-күнге артып келеді. Тәулік мезгіліне, күн райына қарамастан көмек қажет жерден табылуға асығып жүретін волонтерлар жұмысы айтарлықтай оңай дей алмаймын. Волонтер болу үшін берік күш пен алға сүйрер ерік-жігер де қажет. Біздің жұмысымыз сонысымен де қызықты. Бұрындары волонтерлық кәсіпті көп адам түсіне бермейтін. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылды волонтерлар жылы еткеніне орай, еріктілерге деген көзқарас та біршама өзгерді. Жұрт волонтерларға қызыға қарап, оларды айрықша құрметтейтін болды. Жастар қоғамдық жұмыста да белсенді болуы керек деп ойлаймын, – дейді белсенді волонтер Ботагөз Мұхиден.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

SARYARQA-АҚПАРАТ

## ТӨРЕГЕЛДІ ШАРМАНОВҚА ЕЛБАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК БЕЙБІТШІЛІК СЫЙЛЫҒЫ БЕРІЛДІ



*Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығын беру туралы Жарлыққа қол қойды, – деп хабарлады Ақорданың баспасөз қызметі.*

«Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығы туралы» 2001 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 2-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. 2020 жылғы Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығы:

медицина саласын дамытуға, бейбітшілікті және халықтар арасындағы достықты, өзара сенімді нығайтуға қосқан ерекше үлесі үшін Төрегелді Шарманұлы Шармановқа;

білім және ғылым саласын дамытуға, бейбітшілікті және халықтар арасындағы достықты, өзара сенімді нығайтуға қосқан ерекше үлесі үшін Шигео Катсуға берілсін» делінген Президент Жарлығында.

## ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІГІН АЛУҒА НАРКОЛОГИЯЛЫҚ және ПСИХДИСПАНСЕР АНЫҚТАМАСЫ ҚАЖЕТ БОЛМАЙДЫ

*Қазақстанда жүргізуші куәлігін алу үшін наркологиялық және психодиспансер анықтамасы талап етілмейтін болады. Бұл туралы ҚР ІІМ Әкімшілік полиция комитеті төрағасының орынбасары Серік Түсіпов айтты.*

– Шынымен де, мұндай мәселені Ішкі істер министрлігі Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп талқылап жатыр. Қазіргі уақытта ақпараттық жүйелерді интеграциялауға қатысты жұмыстардың бір бөлігі жүргізілді. Біз жыл сайын шамамен 900 мың жүргізуші куәлігін береміз. Олардың қатарында жүргізуші куәлігін алғаш алатындар, мерзімі өтуіне байланысты ауыстыратындар немесе жаңа санат алатындар бар, – деді ол.

Оның атап өтуінше, Денсаулық сақтау министрлігі мен «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ тарапынан тиісті жұмыс жүргізілгеннен кейін жүргізуші куәлігін мерзімі өтуіне байланысты ауыстыратын немесе жаңа санат алатын азаматтардан қағаз түріндегі наркологиялық және психодиспансер анықтамасы талап етілмейді.

– Өйткені, бұл мәліметтердің барлығы ақпараттық жүйеден алынады, – деп түсіндіреді Серік Түсіпов.

Дегенмен, комитет төрағасының орынбасары бұл жаңашылдық алдымен тестілеуден өтетіндігін айтады.

## «ЖОМАРТ ЖҮРЕК» СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ



*Нұр-Сұлтанда жыл сайынғы «Жомарт Жүрек» сыйлығының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті. 25 меценат пен белсенді азаматтар 5 номинация бойынша «Жомарт жүрек» сыйлығының иегерлері атанды.*

Конкурс азаматтарды, бизнес-құрылымдар өкілдерін, меценаттарды, үкіметтік емес ұйымдар мен волонтерлерді туған жерін дамытуға ынталандыру және көтермелеу мақсатындағы қайырымдылық идеяларын насихаттауға бағытталған.

Салтанатты шараға Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева, 17 облыстың әкімдері, қайырымдылық, волонтерлік ұйымдардың және кәсіпкерлік саласының өкілдері қатысты.

«Жыл тұлғасы» номинациясы бойынша белсенді азаматтық ұстанымы, әртүрлі бағыттағы ауқымды қайырымдылық қызметі үшін «Ютария ltd» ЖШС компаниялар тобының Бас директоры Сәуле Шәуенова (Қарағанды облысы) жүлдегер атанды.

## ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ 79 МЫҢҒА ЖУЫҚ ЖЕКЕ КӘСІПКЕРДІҢ ЖҰМЫСЫ ТОҚТАТЫЛДЫ

*Салық төлеушілердің БАҚ-тағы әкімшілік ықпал ету шараларын заңсыз қолдануға қатысты теріс пікірлеріне байланысты Мемлекеттік кірістер комитеті түсініктеме берді.*

«Салық төлеуші жіберген қателер мен бұзушылықтарға қарамастан, мемлекеттік кірістер органдары салық төлеушілердің барлық құқығын ескеруге және олардың толық іске асырылуын қамтамасыз етуге міндетті.

Жеке тұлға жеке кәсіпкер (ЖК) ретінде тіркелгеннен кейін, ЖК-де кірістерді декларациялау және белгіленген мерзімде декларацияларды ұсыну бойынша міндеттемелер туындайды. Егер ЖК қызметін жүзеге асырмаса, онда оның дербес шешімі бойынша салық есептілігін ұсынбау 3 жылға дейінгі мерзімге тоқтата тұруға не тарату рәсімін өтуге болады. Екі жағдайда да кәсіпкер өз еркімен орналасқан жері бойынша мемлекеттік кірістер органдарына өтініш білдіруі қажет», – делінген таратылған түсініктемеде.

Сонымен қатар, комитет заңнамалық және техникалық бастамалар арқылы ЖК тарату бойынша бірқатар жеңілдетуді іске асырды. Мәселен, ЖК-нің жекелеген санаттары салықтық берешегі болмаған және патенті үзартпаған жағдайда салықтық өтінішсіз таратылады. Бұл патент негізінде жұмыс істейтін ЖК-ге байланысты болады.

«Сондай-ақ ЖК 3 жыл бойы ҚҚС бойынша есепте тұрмаса, салықтық берешегі және тәуекелдің жоғары дәрежесі болмаса, тексеру кестесінде болмаған, ойын бизнесімен, айырбастау операцияларымен, ЖЖМ, алкоголь өнімін және т. б. өткізу және өндірумен айналыспаған жағдайда оны тарату (3 жұмыс күні ішінде) жүргізіледі. Ірі айналымы бар ЖК және ҚҚС төлеушілер салықтық тексеру және камералдық бақылау арқылы таратылады. Жыл басынан бері 79 мыңға жуық жеке кәсіпкер таратылды. Өткен жылы әрекетсіз 16 мың жеке кәсіпкерді тарату үшін комитет сотқа талап арыз берген», – делінген ақпаратта.

Тарату рәсімін бастау үшін негіздер тізбесінің ашық болуына қарамастан кәсіпкерлер тарапынан бұзушылықтар болуда.

«Осылайша, мемлекеттік кірістер органдары шоттарға тыйым салғанға дейін бұзушылықтарды, оның ішінде тапсырылмаған декларациялар бойынша жою үшін алдын ала (30 жұмыс күн бұрын) хабарлама жібереді. Әкімшілік жауапкершілікті қарау кезінде алғаш рет анықталған бұзушылық бойынша «ескерту» шығарылатынын атап өткен жөн. Бұзушылықтың жыл ішінде қайталануына байланысты әкімшілік жауапкершілік ҚР ӘҚБтК-нің 272-бабының 2-бөлігі бойынша қаралып, айыппұл салынады. ҚР ӘҚБтК-нің 897-бабына сәйкес, 10 тәулік ішінде төленген жағдайда айыппұлды 50%-ға қысқарту көзделген. Яғни, бұл нормалар шағымданған жеке кәсіпкерлерге қатысты қолданылады», – деп хабарлады ҚМ Мемлекеттік кірістер комитетінің баспасөз қызметі.

Сонымен қатар комитет ЖК таратумен байланысты әкімшілік жүктемені азайту, қателерді барынша азайту үшін жағдай жасауда. Салық төлеушінің кабинеті арқылы ЖК қызметін тоқтату туралы салықтық өтініш беруді автоматтандыру жүзеге асырылуда. Бұл бизнесті қағаз құжаттармен жұмыс істеу және салық органдарына бару қажеттілігінен құтқарады. Бұл қызмет түрін алдағы жылдың басынан бастап пайдалануға болады.

COVID-19

# КОРОНАВИРУС: МЕРЕКЕ АЛДЫНДАҒЫ ЭПИДАХУАЛ және МИНИСТРЛІКТІҢ ІНДЕТКЕ ҚАТЫСТЫ ЖАҢА БОЛЖАМЫ

*Денсаулық сақтау министрлігінің өкілдері сәрсенбі күні Орталық коммуникациялар қызметі алаңында кезекті баспасөз мәслихатын өткізіп, елдегі эпидемиологиялық ахуалдың мән-жайын баян етті. Алда мереке күндері келе жатқандықтан халық көп болып жиылып, індет таратарлық қауіп туындап тұр. Сол себепті министрліктің өкілдері сапарды кейінгі қалдырып, қауіпсіздік шараларын сақтау керектігін де тағы бір мәрте ескертіп өтті.*




### Елдегі эпидахуал: «Жасыл» және «қызыл» аймақтар

Баспасөз мәслихатында баяндама жасаған ҚР Денсаулық сақтау вице-министрі – бас мемлекеттік санитар дәрігер Ерлан Қиясов бүгінде еліміз «жасыл», яғни тәуекелі төмен аймақта тұрғанын айтты.

Қаупі жоғары немесе «қызыл» аймақта екі өңір бар.

Олар: СҚО мен Павлодар облысы. Алдыңғы аптамен салыстырғанда «қызыл» аймақтан «сары» аймаққа Қостанай және Ақмола облыстары ауысқан.

Қазір «сары» аймақта Алматы, Нұр-Сұлтан қалалары, ШҚО және Атырау облыстары тұр. «Сары» аймақтан «жасыл» аймаққа БҚО ауысқан.

Оның айтуынша, өткен екі апта ішінде коронавируспен ауырғандар саны 10 пайызға көтерілген. Ауру-сырқаудың өсу жағдайы Атырау облысында 1,9 есе, Жамбыл облысында 1,8 есе, Ақмола облысында 1,7 есе, Павлодар облысында 1,5 есе өскені байқалады.

Қазіргі эпидемиологиялық ахуалдың жайын ескере отырып, құзырлы ведомство Қазақстан мен Түркия арасындағы тұрақты әуе рейстерінің санын 20-дан 10 рейске дейін азайту туралы шешім қабылдаған. Яғни екі тараптың да әуе компаниялары 2020 жылғы 10 желтоқсаннан бастап рейс санын қысқартады.

«Елде оқу жылы басталғалы оқушылар арасында коронавирус жұқтырудың 2539 жағдайы тіркелді. Оның ішінде 738 оқушы кезекші сыныпта оқитын балалар болса, 1811 оқушы – қашықтан оқитындар. Қазіргі уақытта өңірлердің әкімдіктерінің жанында 1556 мониторинг тобы жұмыс жүргізуде. Карантин шараларын әлсіреткелі бері (17 тамыздан 8 желтоқсанға дейін) 53 489 рейд жасалып, 215 977 нысан тексерілді. 18 903 нысанның иелері тәртіп бұзғаны анықталды», – деді ол.

Одан бөлек өңір әкімдіктерінің жанында 1556 мониторинг тобы жұмыс жүргізіп жатыр. Карантин шараларын әлсіреткелі бері (17 тамыздан 8 желтоқсанға дейін) 53 489 рейд жасалып, 215 977 нысан тексерілген.

18 903 нысанның иелері тәртіп бұзған. Тәртіп бұзу фактілерінің көбі – Түркістан облысында (3 279), Алматы облысында (3 121), Қостанай облысында (1 758), ШҚО (1598), Алматы (1584) және Нұр-Сұлтан қаласында (1 341) тіркелді. Осы тәртіп бұзу фактілеріне байланысты 1 миллиард теңгенің 15 268 айыппұлы салынды.

Одан бөлек, маска және әлеуметтік аралық режимін сақтамағаны, эпидемияға қарсы шараларды, жұмыс режимін сақтамай және бұқаралық шараларды өткізуге байланысты 1,3 млрд теңге айыппұл салынған.

«Құрметті қазақстандықтар! Ұзақ демалыс күндері мен алдағы мерекелердің жақындағанын ескере отырып, сіздерді коронавирус инфекциясының алдын алу шараларын сақтауға шақырамын. Халық көп жиналатын орындарға бармай, ұжымдық шараны өткізбеу және оған қатыспау керек. Суық тигізіп алудан сақтанған абзал», – деп ескертті вице-министр.

### «Толық локдаунды әлі енгізбейміз»

Бір қуанарлысы, Қазақстанға басқа мемлекеттерден коронавирус жұқтырып келген азаматтардың саны біршама азайған көрінеді. 9 желтоқсанға дейін мемлекеттік шекарада тексеру барысында 635 адамның коронавирус жұқтырғаны анықталған.

Жалпы сырттан коронавирус жұқтырып келгендердің саны азайып бара жатқанын атап өту керек. Нақтырақ айтқанда мемлекеттік шекарадан автокөлік арқылы өткендердің арасында індет жұқтырғандардың саны 1,5 есе, әуе жолаушылардың арасында 2 есе азайған.

Коронавирус жұқтырғандардың саны азайып келе жатқан өңірлерде шектеу шаралары әлсін-әлсін алынып жатыр. Атап айтқанда Шығыс Қазақстанның «сары» аймаққа өтуіне байланысты облысішілік автобус және басқа да жолаушылар тасымалы қалпына келтірілген.

Аптаның қай күніне қарамастан ашық азық-түлік базарларының жұмысына рұқсат берілді. Сонымен қатар төрт облыста ойын-сауық орталықтарының жұмыс режиміне өзгерістер енгізіліп, олардың демалыс және мереке күндері жұмыс істеуіне рұқсат берілді.

Сонымен қатар азық-түлік сататын және сатпайтын басқа да базарлардың жұмысынан тыйым алынып тасталды. Алматы қаласында және Қарағанды облысында сауда және халыққа қызмет ету нысандарының жұмысын қайта бастауға мүмкіндік берілген.

Министрлік өкілдеріне «Қазақстанда пойыз бен ұшаққа қайтадан тыйым салынуы мүмкін бе?» деген сұрақ қойылды.

«Қазіргі уақытта дәл мұндай талаптарды енгізу мәселесін қарастырып жатқан жоқпыз. Себебі өздеріңіз білетіндей, локдаун енгізудің нақты алгоритмдері бар. Бұрын ол алгоритмдерді Денсаулық сақтау министрлігі бірнеше рет жариялаған. Толық локдаун 100 мың адамның ішінде 50 адам коронавирус жұқтырған жағдайда, инфекциялық ауруханалар 70 пайыз науқастарға толған жағдайда енгізіледі», - деді Ерлан Қиясов.

Вице-министр алдағы мерекелер қарсаңында темір жол мен әуе тасымалы қалыпты жағдайда жұмыс істейтінін жеткізді.

«Әлбетте, қазір «қызыл» аймақтар бойынша шектеулер әлі де күшінде. Қалған өңірлерде қосымша ешқандай шаралар жоқ», – деді ол.

### Жаңа болжам – 2021 жылдың қаңтары мен ақпаны

Баспасөз мәслихаты барысында Ерлан Қиясов Қазақстанда коронавирус инфекциясын жұқтырудың шарықтау шегіне қатысты жаңа болжамды жария етті.

«Қазіргі уақытта эпидемиологиялық ахуал тұрақты. Ауру жұқтырудың шарықтау шегі қай уақытқа сай келуі мүмкін? Бұрын Денсаулық сақтау министрі Қазақстанда коронавирусты жұқтырудың шарықтау шегі 2020 жылдың желтоқсаны мен 2021 жылдың қаңтарына сай келетінін болжаған еді. Алайда қазір оптимистік жағдай қалыптасты. Осыған байланысты апта сайын өзіміздің болжамды мәліметтерімізді зерттеп отырмыз. Қазіргі жағдайда пессимистік болжамға сүйенсек, коронавирусты жұқтырудың шарықтау шегі 2021 жылдың қаңтары мен ақпанына дөп келеді деп болжауға болады», – деді бас санитар дәрігер ОКҚ-да өткен баспасөз мәслихатында.

Тілшілердің сұрағының жартысына жауап беріп, жартысына сауал хат жолдауды өтінген министрліктің өкілдері бүгінгі баспасөз мәслихатынан осылай тарасты.

ЖОЛДАУЫ 2020

# QR-КОД АРҚЫЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ БЮДЖЕТТЕРІН БІЛУГЕ БОЛАДЫ

ANTIKOR




*Қарағанды облысында «Ашық бюджеттердің интерактивті картасы» жобасы іске асырылуда. Бірыңғай платформада (https://publicbudget.kz) бюджет қаражатының жұмсалуы туралы мәліметтер орналастырылады. Ақпарат нақты уақыт режимінде көрсетіледі. Картаның көмегімен әлеуметтік нысандарға – мектептерге, ауруханаларға, балабақшаларға және т. б. қанша қаражат жұмсалғанын білуге болады.*

– Сыбайлас жемқорлыққа қарсы «Адалдық алаңы» жобасының аясында «Ашық бюджеттердің интерактивті картасы» платформасы құрылды. ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Қарағанды облысының осы бағыттағы жұмысын атап өтті. Оның ішінде ақпараттық жүйеде ұйымның парақшасына сілтеме жасай отырып, QR-код орналастырылған ғимараттардың қасбеттерінде тақтайшаларды орнатуға оң баға берілді, – деп хабарлады «Сарыарқа – адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің басшысы Малика Кусенбаева.

Қазіргі уақытта картада Қарағанды облысының жалпы сомасы 898,3 млрд. теңгеге 1 331 ұйымның бюджеттері орналастырылған. Мұның бәрі мемлекеттік органдар мен бюджеттік мекемелер.

Жоба ақпаратқа қол жеткізуді жеңілдетеді. Карта – бұл билік пен азаматтық қоғам арасындағы тікелей байланыс арнасы.

Қарағанды облысында мемлекеттік ұйымдар ғимараттарының қасбеттерінде QR-кодтары бар 500-ден астам тақтайшалар орналастырылған. Бұл бастама алғашқы болып Саран қаласына енгізілді. Содан кейін ол басқа аймақтарға таралды.

Малика Кусенбаева онлайн режиміндегі аппараттық кеңесте жобалық кеңсенің қызметі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг туралы айтып берді. «Сарыарқа – адалдық алаңы» жобасы тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты жоюға және азаматтар үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған.

Мемлекеттік органдар жұмыстың сервистік моделіне көшеді. Бұл мемлекеттік қызметтерді алудың сапасы мен жеделдігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қарағанды облысының қалалары мен аудандарында қазірдің өзінде «Open әкімдік» 14 сервистік орталығы жұмыс істейді. Ауылдық округтерде 202 өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштары құрылған. Осы аптада Саран қаласы мен Ақтас кентінде сервистік орталықтар ашу жоспарлануда. Желтоқсан айының соңына дейін тағы үшеуі ашылады: Балқаш, Бұқар жырау және Қарқаралы аудандарында.

**«Saryarqa-ақпарат»**

ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҒЫЛЫМЫ

# МӘҢГІЛІК МҰРАТ ЖОЛЫНДА



***Біз бүгін азаттықтың 30 жылдығына аяқ бастық. Әрбір елдің жылнамасында оның жаңа тарихының бастауы болған тағдыршешті кезеңдер болады. Біз үшін жаңа дәуірдің арайлы таңы 1991 жылы 16 желтоқсанда атты. Сол күні әлем көгінде «Қазақстан Республикасы» атты жаңа жұлдыз жарқырай туды. Тұтас дәуірлердің куәсі болған халқымыз сан ғасырлық бұралаң әрі қиын жолмен жүріп өтті.***

Адам баласы сияқты, мемлекет те өмірінде екі ғұмырлық босағаны аттайды. Біріншісі – жарық дүниенің есігін ашу, екіншісі – ересек өмірдің табалдырығын басу. Екеуі де – қайталанбас, қастерлі мезеттер. Бұл – Әбу Насыр әл-Фарабидің айтып кеткен орамды сөзі, өнегелі өсиеті.

Биыл рухы асқақ, тұғыры биік төл мемлекетімізге 29 жыл толды. Қарапайым тілмен айтқанда, нағыз ердің жасында, ұлы мақсаттардың басында тұрмыз. Тағылымы мол тарихымыз – сонау сақ дәуіріндегі, түркі бабалар тұсындағы, Алтын Орданың 750 жылдығын ел болып тойладық және Қазақтың ортақ мақтанышына айналған халқымыздың ұлы перзенті, ақын, философ, ғұлама Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толуына орай мемлекет көлемінде және халықаралық деңгейде, соның ішінде ЮНЕСКО аясында өткізілуі, кешегі Екінші Дүниежүзілік соғыстағы ұлтымыздың ұлы күрестерінің куәсі. Бұл – біздің өткеніміз, бұл – біздің тағдырымыз.

Осы бір тарихтың ұзынсонар жолында азаттық деп аласұрған, еркіндік деп екпіндеген халқымыздың мұратын орындау бақыты бүгінгі біздің ұрпақтың еншісіне тиіпті. Олай болса, бұл күн ұрпақтардың ұлы арманы орындалған ордалы той, мерейлі де мәртебелі мереке. Аман-саулық – адамның нағыз бақыты болса, тәуелсіздік – халықтың жалғыз бақыты. Бұл – туған еліне егемендік пен еркіндікті қарулы қолмен емес, бейбіт жолмен алып берген әйгілі Махатма Гандидан қалған сөз. Расында да, тәуелсіздік пен теңдік, азаттық пен елдік қай халық үшін де дәмі балдай, мәртебесі таудай асыл ұғымдар болып саналады.

«Елу жылда ел жаңа» деген халық даналығын баршаңыз білесіздер. Десе де, біз елу емес, небәрі 29 жылда қарыштап жаңаланған, төртқұл дүние бағалаған ел болдық. Өзгелер ғасырлап өтетін, ал біреулері мүлдем мақрұм кететін тарихи жолды бар болғаны ширек жасқа жетпей тәмамдадық. Ол да болса кешегі бабалар ерлігінің рухын алған, ертеңгі ұрпағына жол салған бүгінгі замандастарымыздың, сіздер мен біздердің еселі еңбектеріміздің арқасы.

«Рухы бір – қандас, жүрегі бір – жандас» дейді дана халық. Егер егемендік тұсында елдігі бекем, тұғыры биік жұрт болсақ, оған сіздердің де қосқан үлестеріңіз қомақты деп білемін. Халқымызда «Теңдес ағайын баспанасымен, дербес халық астанасымен мақтанады» деген сөз бар. Келген қонақ үйге кіріп, иесін сынаса, өзге жұрт ордасын көріп, елін таниды. Сол сияқты қай қазақтың да «жан-жүрегім» деп марқаятын да, «өз сарайым» деп айта алатын да даробоз, ақордалы, биік, бәйтеректі, самалдай, кең шатырлы Астанасы бар, тәуелсіз Қазақстаны бар. Тәуелсіздіктің қадірі, бостандықтың қасиеті, Отан деген ұлы ұғым – осы.

Отанды сүю – ерекше бақыт, ал оның аптабына күйіп, аязына шыдау әркімге бұйыра бермейтін бөлек дүние. Оның жолында оза шапсаң да, шоқтай жансаң да, жанып жатып арманда қалсаң да жарасады. Бұл – ата-бабаларымыздың асыл арманы. Біз тәуелсіздікті бабалардың нақылымен, халқымыздың парасатты ақылымен алдық. Тәуелсіздік – тарихтың толқыны, шайқалмай, уақыттың соққысын байқамай өз бетінше тұратын тұғыр ғана емес, оны қолда ұстап тұратын тек шарболаттай шыңдалған рух, наркескен жаңашыл мінез, арайлы ақ таң үшін күрес. Міне, мәңгілік жасайтын елдің өмірлік ұстанатын кепілі – осы. Мыңжылдықтар тоғысар тұста тәуелсіздік таңын көру бақыты бүгінгі қазақстандықтардың пешенесіне жазылды.

Тәуелсіздік бізге ұлттық, аймақтық және жаһандық өлшемде шексіз жауапкершілік жүгін артты. Біз осынау ұлы тағдырды қабыл алып, бірлігіміз бен еңбегіміз арқылы тарих сынағынан сүрінбей өтіп келеміз. Халқымыз Тәуелсіздіктің мызғымас тұғырын бекітіп, Мәңгілік Ел болуға бет бұрды. Сол себепті, Тәуелсіздік күні – баршамыз үшін, күллі қазақстандықтар мен әлемнің барлық қиырындағы достарымыз үшін ұлы мереке. Ұлттық қасиетіміз бен Ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, Ұлттық намысымызды оятқан, әлемге қазақты азаттық сүйгіш, рухы биік, намысы берік халық ретінде жариялаған Тәуелсіздік күні құтты болсын!

**Бауыржан ШЫҢҒЫСОВ,**
**Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты, «Nur Otan» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы Қарағанды филиалы төрағасының бірінші орынбасары**

***Қазақтың көрнекті ақыны Жұбан Молдағалиев «Мен қазақпын, мың өліп, мың тірілген» десе, Абай бабамыз «Мен ішпеген у бар ма?» деп ұлтының ертеңі мен өткенін ойға алып, қиын-қыстау заманнан ертеңге үмітпен қараған халықтың болашағына алаңдады. Өткенді ұмытпай бүгінді таразылап, болашақты бағдарлаудың арғы жағында азаттық аңсаған ата-бабамыздың арманы, мұңы, мақсаты, мүддесі жатыр. Сан ғасырдың белесіне көз салсаң ұлтының тәуелсіздігі емін-еркін болуын армандамаған бірде бір батыр, бірде бір ақын өтпеген. Аузымен орақ орған небір дүлдүл, майталман шешен де бітіспес дауды екі ауыз сөзбен түйіндеген би де елінің қамын ойлаумен өмірін өткізгені белгілі. Оған мысал да, дәлел де жетерлік.***

# ТАМЫРЫН ТЕРЕҢГЕ ТАРТҚАН

Айталық, өз заманында «Бағаналының төрт босағасы» деп елге танылған Қарабала Кәдір би, Шалабайдың Шегірі, Бөкеншінің Бабыры және Төлектің Сандыбайы мен оның ұлы Сары Ерден туған жердің, бейбітшіл елдің болашағына алаңдаумен, ертеңіне елеңдеумен ғұмыр кешкенін бүгінгі ұрпақ әлі де ұмыта қойған жоқ. Жер астының байлығына қызығып, қазақ ауылдарына ағылшындар ат артып келгенде де, орыстың көпестері саудаласқанда да сол Төрт босағаның ел қамын жеген билері елдің ертеңін ойлай отырып, ортақ шешім шығарған. Сол жолы көріпкел, болжағыш Бабыр би «Мен білсем, уақыт өтер, заман өзгерер, қазақтың да таңы атып, Тәуелсіздік келер, ел тізгіні аймаңдай бір ұлдың қолына тиер, сонда жер байлығы ел игілігіне айналар» деген екен. Айтқандай-ақ, содан кейін ғасыр аунап, Тәуелсіздік таңы атты. Ел тізгіні елім деген ұлдың қолына тиді. Тәуелсіздік елге, жерге жаны ашитын ұрпақтың еншісін айқындады. Бүкіл әлем бүгінде жер бетінде қазақ деген ұлттың барына көзін жеткізді. Әлем картасына қазақ мемлекетінің шекарасы сызылып түсті. Тәуелсіз елдің аты жер бетін шарлап, ғарышқа жетті. Азат елдің ұланы ғарышты бағындырды.

Әрине, елдің ертеңі өткенімен сабақтасып, жаңа бағытта өркениетке қол жеткізсе, ұмытылғанды зерделеп, өшкенді жағып, қалт кеткенді қалпына келтірудің бар мүмкіндігі енді өзгенің емес, өз қолымызда екендігі айдан анық. Рас, тар жол, тайғақ кешуден өткен елдің жоғалтқаны да, ұмыт қалдырғаны да жоқ емес. Осының бәрін зерделей келіп, Тәуелсіз елдің Тұңғыш Президенті әлем елдерін қырып-жойғыш алапат қарудан бас тартуға шақыруы, сөз жоқ, бабаларымыздың аңсаған арманы – ел тыныштығын сақтаумен толық үндеседі. Елдің бет-бейнесін айқындау, сырт елдің Тұңғыш Президент «Бұл – қазақтар ғой» деп айтатын жайды қалыптастыруға қолдағы бардың бәрін жұмылдыруға ұмтылды. Ол туралы 1999 жылы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Тарих толқынында» атты кітабында жан-жақты баяндады. Онда патшалық кезеңнің, кеңестік жүйенің қазақ даласына қалай әсер еткені бүкпесіз ашық айтылды. Бүгінгі Тәуелсіздік бізге бір күнде өзінен-өзі келе қалмағандығы ойға оралды. Зұлматтың небірін бастан кешкен қазақ халқы аштықты да, қызыл қырғынды да шыдамдылықпен қарсы алып, алға артқан үмітімен күй кешті. Демек, біздің Тәуелсіздігіміздің тамыры тым тереңде, ата-бабаларымыздың арман-мүддесімен үндесіп жатыр. Рас, бабаларымыздан «Еңбек қашан да небір ауырлықты, қиындықты жеңбек» деген бір сөз жігерлі жандардың жолын ашты. Тоқыраудан кейін тоқтап қалған зауыт, фабрикалар іске қайта қосылды. Инвесторлар тартылды. Бос қалған дүкен сөрелері керек-жараққа толды. Елдің өзі саудаға шыға бастады. Осы сәтте «Елдің еңсесін енді көтеру үшін не істеу керек?» деген бір сауал әркімің көңілінде тұрғаны анық еді. Ол үшін, әрине, ұлттық мұраға, мәдениет пен әдебиетке, тарихқа ұрпақ назарын аударып, жаңаша ой, жаңаша сана қалыптастырудың қажеттілігі айқындалды. Шынында да, мәдениет мемлекетте болса да ұлттың бет-бейнесі, арман-мүддесі, келешегіне деген келбеті. Мәдениет арқылы сол елді таниды. Қазақтың күйі, қазақтың әні, қолөнері мен шеберлігі жер бетіндегі қай мемлекеттің болса да, өнерімен деңгейлесе алатыны әлемге танылды. Тәуелсіздік алған жылдардан бергі қол жеткен мәдениеттегі, әдебиеттегі жетістіктер, сөз жоқ, азат елдің жаңа қол жеткізгендері екені аян.

Біздің халықтың да мәдени мұрасы – ұшан-теңіз. Тәуелсіздіктің арқасында Кетбұқа бабаның ескерткіші жезді қаланың төріне орнықты. Сахналарда Кетбұқаның «Ақсақ құлан» күйі шертілуде. Кешегі кеңестік жүйе кезінде «Қазақтың хандары – қанаушы» деген жаңсақ пікір қалыптасқан. Сол қасаң қағида бұзылып, Шыңғыс ханның алдында қаймықпай күй тартқан Кетбұқаның өнері ұрпаққа жалғасты. Әр түрлі жаламен атын айтуға тыйым салынған небір асылдардың есімдері елге қайта оралды. Байқасақ, билеріміз де, батырларымыз да, ақын-шешендеріміз де «Елім, елім!» деп өткен екен. Хандарымыз халықтың қамын жеген. Кенесары ханның азаттыққа ұмтылған шын ниеті айқын дәлел болғандай.

Ия, бүгінгі Тәуелсіздік таңы атып, ел еркіндіктің таза ауасымен тыныстаған шақта да барлық шаруа шешіліп, «іздегенің алдыңнан, іздемей-ақ табылған» дейтін кезге әлі де еркін жете қойған жоқпыз. Кешегі коммунизмнің келетін сәтін аңсаған жандар әлі де болса да арамызда баршылық. Әйтсе де, кешегі күннің елесі бүгінгінің өлшемі болмайтынын Тәуелсіздік таңы дәлелдеп бергендей. Бұл туралы да Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламасында жан-жақты терең талдады. Рухани жаңғыру – өткенді аңсау емес, алға жаңаша көзбен қарауға үндейді. Сонау кеңестік жүйенің ел өміріне өрнек салғаны анық. Бірақ, ол кез өтті, кетті, енді қайта оралмас. Ендігі мақсат – жаңа өмірге, Тәуелсіз өмірге Тәуелсіз көзқарас қалыптастыру. Ол дегеніміз – ісімізден ойымыз, ойымыздан санамыздың озық тұруы. Осылай десек, сананың озуы, шынайы жаңғырудың жаңаша жолы деп білген абзал. Санасы озғанның әр істе де арманы биіктеп, көздегені айқындала түседі. Саналының басқалардан ойы да озық тұрарына кімнің қандай күмәні бар?! Демек ойың тұнық, ісің өнімді болуы, сөз жоқ жаңаша қалыптасқан сананың ел бірлігіне, тыныштығына, татулығына орай сәт сайын жаңғырып, алға озып шыға беруіне де байланысты. Тәуелсіздіктің тамыры – татулықта. Ел ішіндегі берекебірлік пен ынтымақ неғұрлым берік болса, Тәуелсіздіктің де тамыры тереңге жайылады.

**Батырбек МЫРЗАБЕКОВ**

БИЗНЕСТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

***Бүгінде 37 мыңға жуық аймақ тұрғынын жұмыспен қамтып отырған «Қазақмыс» Тобы өз қызметкерлерінің әлеуметтік жағдайын естен шығарған емес. Жыл сайын корпорация мамандары мен жұмыскерлерінің жалақысын арттырып отыратын аталған мекеме басшылығы келер жылы да бұл үрдісті жалғастырмақ.***

# ЕҢБЕККЕРЛЕРДІҢ ТАБЫСЫ АРТПАҚ



«Соңғы уақыттағы азық-түлік, киім-кешек және коммуналдық қызметтер бағасының өсуіне байланысты компания қызметкерлерінің жалақысын көтеруді жөн көрді. Біздің компания еліміз бойынша еңбекақысы ең жоғары өндіріс кешендерінің алдыңғы сабында. Біз пандемия уақытында да өз еңбеккерлеріміз бен олардың отбасына қолдау танытудан аянып қалған емеспіз. Бұл үрдіс алдағы уақытта да жалғасын таба бермек», – делінген корпорация баспасөз қызметі таратқан хабарламада.

2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап барлық «Қазақмыс» Тобына қарасты мекемелер қызметкерлерінің айлық табысы орташа есеппен алғанда 8,3 пайызға көбейетін болады.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМЫТУ – МАҢЫЗДЫ БАҒЫТ



***Тәуелсіздік алған күннен бастап Қазақстан саяси және экономикалық бағытта қол жеткізген жетістіктерге мемлекеттік басқару жүйесінде жергілікті өкілетті органдардың алатын орны ерекше.***

Біздің жас Республикамыз қалыптасудың қиын жолынан өтті, бірақ бүгінгі оның экономикалық жетістіктерін әлемдік қауымдастық мойындады. Бұл жетістіктерге салық түсімдері бюджетінің кіріс бөлігін қамтамасыз ететін біздің салық қызметі тарапынан да белгілі бір үлес қосып келеміз.

«Бизнес өз жұмысын жаңадан бастау үшін 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап салықтың негізгі сомасы төленген жағдайда, өсім мен айыппұлды алып тастай отырып, шағын және орта бизнес үшін «салық амнистиясын» жүргізуге кірісуді тапсырамын», – делінген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты халыққа Жолдауында. Осыған сәйкес, биылғы жылдың қаңтарынан бастап бизнес субъектілері салық органдарында жиналған айыппұлдары мен өсімақыларынан босатылды.

Салық амнистиясы – шағын және орта бизнеске берілген жақсы мүмкіндік. Бұл шара, ең алдымен кәсіпкерлердің қаржылық жағдайын жақсартуға көмектеседі, қарыз ауыртпалығынан құтылуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, салық амнистиясы қиын қаржылық жағдайдағы көп кәсіпорынды банкрот болудан сақтап қалады. Өз кезегінде өндірістің ұлғаюына, жаңа жұмыс орындарының құрылуына жол ашылады. Шағын және орта бизнес кез-келген ел экономикасының маңызды тірегі болғандықтан, салық амнистиясы жалпы мемлекеттің әл-ауқатын көтеруге үлес деуге негіз бар.

Амнистияға ілігу үшін салық төлеушілерге ешқайда барудың қажеті жоқ. Мемлекеттік кірістер органдары салықтық бет есептеріне мониторинг жасап, негізгі салық қарызын төлеген жағдайда үш жұмыс күнінің ішінде бұған дейін есептелген айыппұлдар мен өсімақыларды автоматты түрде алып тастайды. Салық төлеушілер негізгі қарызы мен өсімпұл мөлшерінің сомасын «салық төлеушінің кабинеті» веб-қосымшасына тіркеліп біле алады. Сондай–ақ, комитеттің www.kgd.gov.kz интернет-ресурсы және «электрондық үкімет» порталы немесе «салықтық берешектің жоқтығы бар болуы туралы ақпарат» электронды сервисі арқылы онлайн режимде салықтық берешектің бар не жоғы жайында ақпарат алуына болады. Тек ЖСН/БСН енгізсе болғаны.

Оңалту рәсіміндегі және салықтар бойынша төлеу мерзімін ұзартқан салық төлеушілерге қатысты рақымшылық қолданудың тәртібі басқаша, салықтық рақымшылыққа ілігу үшін осындай салық төлеушілер мемлекеттік кірістер органдарына тиісті өтінішті жолдап, салықтар бойынша негізгі қарызын ертерек төлеу қажет. Одан басқа, оңалту рәсіміндегі салық төлеушілер оңалту жоспарына өзгеріс енгізіп, оны кредиторлар жиналысында келісіп, сотпен бекітуі қажет.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Жезқазған қаласында 3685 шағын, орта бизнес субъектілері және жеке тұлғалар (36 заңды тұлғалар және 19 дара кәсіпкерлер, 3630 жеке тұлғалар) рақымшылыққа ілікті. Олар 25602821 мың теңге көлемінде негізгі қарызды төлеген жағдайда айыппұлды есептен шығаруға жатады. Осы ретте негізгі қарыз сомасын төлеу күніне дейін есептелген өсімпұл сомасы да жойылады. Бүгінгі күні Жезқазған қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы 6202047 теңге көлемінде өсімпұл сомасын есептен шығарып үлгерді.

Сонымен қатар, «Азаматтық бақылау – чекті талап ет» жыл сайынғы акциясы 12 мамырдан бастап өткізілуде. Оның шеңберінде азаматтар фискалдық чектің берілмеуіне және банктік картаны қабылдаудан бас тартуға қатысты бұзушылықтар туралы хабарлай алады. Акцияны жүргізу басталғаннан бастап ағымдағы жылы азаматтардың хабарламалары бойынша 4262 бұзушылық фактілері расталды, оларға 4262 млн. теңге сомасында сыйақы төленді (оның ішінде қайта чек бермеген 191 кәсіпкерлерге 6,5 млн. теңге айыппұл салынды).

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың салиқалы саясатының арқасында Қазақстан санаулы жылдарда әлемдік аренада танымал мемлекетке айналып, өзіндік құрметке ие болды.

Барша қазақстандықтарды Қазақстан РеспубликасыныңТәуелсіздік мерекесімен құттықтаймыз! Сіздердің әрбір күніңіз жемісті, ал әрбір ісіңіз біздің Еліміздің жарқын болашағының берік кепілі болсын!

**Қаныш НАЗАРЫМБЕТОВ,**
**Жезқазған қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы**

ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҒЫЛЫМЫ

# ТӘУЕЛСІЗДІК ТУЫ БЕРІК ҚОЛДА

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында: «Қазір әлем 100 жыл ішінде болмаған аса күрделі дағдарысты бастан өткеруде. Сарапшылардың айтуынша, жаһандық экономиканы қалпына келтіру үшін кемінде бес жылға дейін уақыт қажет», – деп атап көрсетті. Қазақстанда экономиканы қалпына келтіру кемінде екі жылды талап етеді деп болжайды біздің мамандар.

Әр тараптандырылған және технологияға негізделген экономика құру – бүгінгі күнгі кезек күттірмейтін, ұлтқа сын аса жауапты міндет. Ғасырларға созылған мұнай дәуірі аяқталып қалған сияқты. Әлемдік нарықта жаңа түрпатты ахуал қалыптасып келе жатқаны сезіледі.

Жаңа жағдайда құрылған экономиканы халықтың әл-ауқатын арттыруға, ұлттық табыстың өсімінен түсетін игіліктерді әділ бөлуге, тиімді әлеуметтік «лифтілерді» орнықтыруға бағыттау жөніндегі қоғамның тегеурінді талабын толық және сөзсіз орындау қажет болады. Шағын және орта бизнестің жалпы ішкі өнімдегі үлесін 2020-2025 жылдарға қарай 35 пайызға жеткізу, ал жұмыспен қамтылғандардың санын 4 млн адамға көбейту көзделіп отыр. Агроөнеркәсіп кешенін дамыту жөніндегі жаңа ұлттық жоба әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларымен өзімізді толық қамтамасыз етуге, миллиондаған ауыл тұрғындарының табысын арттыруға бағытталады.

Бұлармен бірге жергілікті және орталық мемлекеттік билік өкілдерінің әр түрлі желеумен кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласуы, бизнесмендердің жұмысына кедергі келтіруі мемлекетке қарсы жасалған ауыр қылмыс деп бағалау қазіргі күні аса қажетті, әділетті қағидат деп есептейміз. Мұндай жағдайда кәсіпкерлер қысым көрсе, бірден прокуратура органдарының құзіретіне жүгіне алады.

Биылғы жылдың бір жақсы ерекшелігі Қазақстан халқының жалпы саны 19 млн.-нан асқалы тұр, оның ішінде қазақтар саны 13 млн болады деп күтілуде. Қазақ жастарының үлесі үнемі өсіп келеді. Еліміздің жай-күйін сипаттайтын бір дерек келтірейін. Қазақстан Тәуелсіздігін жариялаған 1991 жылы халық саны 14 миллион 300 мың болған екен. Италия халқы бүгін 60,8 миллион адам, ал жылдық өсімі 400 мыңдай болғалы тұр. Биыл Қазақстан халқы 300 мыңнан астам адамға өседі. Біз – жас және болашағы зор ұлтпыз. Әрбір отбасында білім, ғылым және тәрбие орындарында, мемлекеттік құрылымдар мен қоғамдық бірлестіктерде, жастарды аталы сөзбен, жеке басымыздың үлгісімен, нақты іспен қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеуге тиістіміз. Оның өзегі – мемлекетшілдік, түрікшілдік, жаңалықты жедел іліп алу, ұлттық құндылықтарымыз, мінезіміз, салт-дәстүрлеріміз. Алтын Орданың алғашқы қазығы қағылған Ұлытауды халықаралық туристік орталыққа айналдыру жөніндегі мемлекетіміздің қадамдары бұл бағытта зор мүмкіндік береді.

Биыл Абай атамыздың 175 жылдығын, ұлы ғалым әл-Фарабидің 1150 жылдығын атап өтудеміз. Бұрынғы даңғаза-шудан гөрі ғұламалардың еңбектерін оқуға бет бұрдық, ой-қимылдарымызды ұлылардың ұстанымдарымен салыстырдық, жақсылығымызды білдік, кемшілігімізді түсіндік. Енді Абай мен әл-Фарабидің еңбектері қазақтар үшін үстел үстіндегі сүйіп оқитын кітаптарына айналып барады.

Ұлтымыздың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі және басты құралы цифрландыру екенін білеміз. Бұл сәнге айналған үрдіс емес. Бұл қазіргі елімізде атқарылып жатқан реформалардың негізгі ұстыны, жолдар мен электр қуаты сияқты негізгі қажеттілікке айналып отыр. Былтыр майнинг ісіне сексен млрд теңгеден астам инвестиция тартылды. Бес жыл ішінде осы салаға салынатын инвестиция көлемін 500 млрд теңгеге жеткізу болжануда. Ақпараттық технологиялар нарығы, инженеринг және басқа да жоғары технологиялар қызметі арқасында көптеген жаңа жұмыс орындары пайда болады. Осындай қызметтерді шетелге экспорттайтын боламыз.

Алдымыздағы асқаралы міндеттер халқымыздың жаңа болмысын қалыптастастырудың, тұтас ұлт сапасын арттырудың қажеттігін көрсетіп отыр. Жаңарған ұлт қана жаңғырған мемлекетіміздің жетістігін жаһанға таныта алады. Олай болса оның негізі күнделікті ұстанымдарымызды өзгерту керек болады. Кез келген істі кәсіби дағды арқылы іске асыру – әрқайсымыздың жаңа болмысымыздың өлшемі.

Қазақ мемлекеті тәуелсіздік жолының 30-шы жылын бастағалы отыр. Бұл адамзатқа қауіп-қатер төндіріп, коронавирус індеті етек алған мезгілмен тура келіп тұр. Бірақ қазақ елінің қуатты экономикасы, жиған-тергені, қоғамның бірлік-берекесі, ел тұрғындарының алтын жүрегі derттің алдын алуға, зардабын еңсеруге бізге күш-қуат, орасан сенім береді. Біз коронавирусты жеңеміз. Баяғыда үлкендер «қыс жамандығы кетер» деп отыратын. Бұл жолы да солай болады.

Тәуелсіздіктің көк туы берік қолда.

**Сағындық ҚОЖАМСЕЙІТОВ**



*Ел тарихындағы ең айтулы күн саналатын 1991 жылдың 16 желтоқсаны қай қазақтың болмасын әлі күнге дейін көз алдында екені анық. Ғасырлар бойы арман етіп, сарыла аңсаған Тәуелсіздік сан мыңдаған жыл осы жолда құрбан болған батыр бабалар мен дарабоз даналардың жеңісі еді. Тәуелсіздік тарих бедерінде «мың өліп, мың тірілген халықтың» ендігі жарқын болашағына деген сенімі мен серті болатын. Оның әр әрпінде жарқын болашаққа деген селкеусіз сенім мен үкілеген үміт бар еді.*

# ЕГЕМЕНДІК ҚАНАТТАНДЫРАДЫ

Тәуелсіздіктің арқасында еліміз көптеген жетістіктерді бағындырды. Алдымен шекарамыз шегенделіп, ел аумағы нақтыланды. Азаттықтың арқасында әлемде 9-орынға ие алып мемлекеттің иесі атандық. Туған тіліміз түлеп, салт-дәстүріміз қайта жанданды. Дініміз, діліміз шідерден босанды. Ұлан-ғайыр сары дала Сарыарқа төсінде әлем таңдай қаққан астанамыз, бүгінгі Нұр-Сұлтан қаласы бой көтерді.

Көне түркі бабаларымыз ел үшін, жер үшін «түнде ұйықтамай, күндіз отырмай» «аз халықты көп қылу, шығай халықты бай қылу» үшін, «Мәңгілік Ел» тұту үшін Өтүкен қойнауында орда тіксе, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев киелі Қазақ жерінің кіндігі етіп Сарыарқа төсін таңдады. «Басы барды идірді, тізеліні бүктірді». Қазақ елін қауіп-қатерге ұрындырмай дамудың даңғыл жолына салды. Уақыт көрсеткендей, елдегі ұлтаралық татулық, тіл саясатындағы салмақты қадамдар біздің қоғамның дамуындағы бірден-бір алғышарт екенін дәлелдеді.

Қилы кезеңдер мен бейтаныс бөгеттерді басып өтіп, өз жолымызды табуға ұмтылдық. Жаңа дәуірдің болмыс-бітімін, ұлттық салт-дәстүрлерімізді заманауи сын-тегеуріндерге бейімдедік, мемлекет болып қалыптасудың өзіндік арнасын тауып, мектебін қалыптастырдық. Бағзы бабалардың ұлы аманатын орындау жолында иыққа түскен жүкті ешқашан ауырсынғанымыз жоқ. Бәрін де тыңнан бастап, халқымызбен бірге қалыптастырдық. Жоқтан бар жасадық. Жиырма бес жыл мемлекетіміз үшін қалыптасу тұғыры ғана болып қойған жоқ, біз өзгелерге де үлгі болатындай биіктерден көріне алдық. Өркениет көшіндегі өз орнымызды таптық. Қазақстанды әлемге таныттық.

Тәуелсіздің жылдарында білім саласында да айтарлықтай оң өзгерістер орын алды. Арнаулы орта білім беру саласында оқушыларды еңбекке баулу және кәсіптік бағдар беру жүйесі негізінен орнығып, тиімді түрлері мен әдістері белгіленді. Жоғары сынып оқушыларын еңбекке баулудың және кәсіптік бағдарлаудың ұйымдық нысандары мен мазмұнында біршама елеулі өзгерістерге ұшырады. Еліміз білімді де талапты жастарға қолдау көрсетуден аянып қалған емес. Соның бір дәлелі – жыл сайын колледж және университет жастары үшін тағайындалатын білім гранттарының да саны артып келеді. Басты орынға шынайы білім шыққанда да елдің келешегі кемелденері ақиқат. Мен осынау білім саласының маманы ретінде әрдайым әділ бағалауды жақтаймын. Алдыңғы қатарлы дамыған елдердің қай қайсысын алсақ та бірінші кезекте білім саласына айрықша назар аударады. Соңғы уақыттарда біздің елімізде сапалы білім беруде әлемдік үздік тәжірибелер мен заманауи технологиялар көмегіне жүгініп келеді. Жастарға жасалып жатқан қолдау да аз емес. Олар үшін әр түрлі гранттық бағдарламалар әзірленуде, жаңа жұмыс орындары салынуда. Тұрғын-үй мәселесіне қатысты да түрлі жобалар жүзеге асырылып жатыр. Бастысы – аянбай еңбек етіп, білікті маман екеніңді дәлелдесең болғаны.

18 млн халқы бар мемлекетіміздің айбыны бұдан әрі де асқақтап, көк байрағымыз ашық аспан астында желбірей берерінe сенімім мол. Осы жолда егемендігіміз еңселі, Тәуелсіздігіміз тұрақты болсын дегім келеді.

**Светлана ЖУМКИНА,**
**филология ғылымдарының кандидаты, доцент**

# ТІЛІ БІРДІҢ – ТІЛЕГІ БІР

***Елбасы 2020 жылға дейін ел азаматтарының 95 пайызы мемлекеттік тілді еркін меңгеруі тиіс деп тапсырма жүктеген болатын. Бұл маңызды міндет мардымды түрде іске асырылуда. Оған өңір аумағында өмір сүріп жатқан 130-дан астам өзге ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілді мейлінше меңгеруі дәлел бола алады.***

Тіл туралы жазу, ол туралы айтудан қашпау да, жалықпау да керек. Себебі, тіл – бүкіл бір халықтың жүрегі. Оның бойында ұлттық болмыс, ұлттық рух, дәстүр мен салт жатыр. Сондықтан әр халық өз тілінде мақтанып қана қоймай, оны дамытып, жұмыс жасауы керек. Себебі қазір әлемде жойылып кетуі мүмкін тілдер қатары бар. Бұл тілдер қолданыстан қалып, сөйлеуі мен өмір сүруін тоқтатқандар. Оған басты себеп сол ұлттың не халықтың жойылып кетуі тікелей себеп болады. Одан қала берді отарға тап болған елдердің де тілдері сол держава тіліне бағынып, өз өмір сүру салтын жоғалтады.

Тіл – ең ұлы қару. Тіл – ең асыл құндылық. Тіл – ең керемет қатынас құралы. Әлемдегі ең көп таралған тіл – ағылшын тілі. Себебі оның таралу және қолдану аймағы кең. Ал ең сұлу тіл деп француз тілін атайды. Дегенмен осы қатарға өзіміздің қазақ тілін де қосуға болады. Неге?

Қазақ тілі – әлемдегі мағынасы көп, синонимдік тіркесі мол, сөйлеу стилі сұлу, ерекше тіл. Тек қолданатын халықтың саны аз демесеңіз, бұл тілдің құдіреті ерекше.

Абайға дейін жыраулар, батырлар мен хандар, шешендер осы ана тіліміз арқылы дау шешіп, соғыстың бетін қайтарған. Абайдан кейінгі қазақ тілінің ерекше қолданысқа түсуі, оның қазақ поэзиясын халық ішіне идіріп әкелуі. Әрине Абайға дейін де поэзия болды. Бірақ, ол – зар заман жырлары мен дастандары. Ал Абай тілінде сұлулық пен біз айтқан ерекшелік үндесіп жатыр.

Тіл өлсе, ұлттың да өмір сүруі мүмкін емес. Сондықтан, Сіз қай ұлттың өкілі болмаңыз, тіл үшін күресуге міндеттісіз. Сол тілде сөйлейтін соңғы адам болсаңыз да, тіліңіз жайында аманат қалдыруға, мұра қалдыруға тырысуыңыз керек. Себебі сіздің тілде жазылған құнды тарихи деректер, кейінгі ұрпақ үшін үлкен рөлге ойнауы мүмкін. Мәселен кезіндегі орхон жазулары, руна жазулары бүгінгі көптеген түркі халықтарына тән тарихи деректердің көзін ашып беріп отыр. Ендеше, сіздің де тіл өлмесе, ертеңгі ұрпақ үшін, жалпы адамзат үшін үлкен мәнге ие болары сөзсіз.

Өз тіліңізді сүйе отырып, өзге тілге құрмет білдіріңіз. Тілсіз тірліктің тасы өрге домалайды десе, қателесесіз.

***Жанар ЖОЛДАСОВА,***
***Жезқазған қаласы ауданаралық әділет басқармасының маманы***

# ІЛКІМДІ ЖОБА – ЕЛ ИГІЛІГІНЕ

***Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 27 наурыздағы өкімімен бекітілген 2020-2021 жылдарға арналған «Жұмыспен қамтудың жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы аясында Жезқазған қаласында 40 жоба қолға алынып, бүгінде оның 36-сы толығымен аяқталған. Жобалар облыстық және қалалық бюджет есебінен қаржыландырылды.***

– Жұмыссыздық деңгейін төмендетіп, елді-мекендерді абаттандыру, инфрақұрлымды дамыту, білім беру мен мәдениет нысандарын қалыпқа келтіруді көздеген «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» бағдарламасы Жезқазған қаласында 2020 жылдың мамырынан бастап жүзеге аса бастады. Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде 1042 жұмыс орны ашылып, оның 550-і жұмыспен қамту орталығында жұмыссыз ретінде тіркелгендерге арналды. Осылайша, бағдарлама 529 жұмыссыз жезқазғандықты маусымдық жұмыспен қамтыды. Олардың айлығы ең төменгі жалақының екі мөлшерінен кем емес деңгейде, яғни 85000 теңге көлемінде белгіленді. Дегенмен, жұмыс көлеміне қарай жұмыскерлердің табысын еселеп көтерген компаниялар да болды. Жол жөндеумен айналысқан «Рокада» ЖШС 15 жұмыскерді тұрақты жұмысқа қабылдады, – деген Жезқазған қаласы жұмыспен қамту орталығының жол картасы бойынша маманы Гүлшат Құрманбаева бағдарламаға енген жезқазғандық жобаларға қысқаша тоқталып өтті.

Жобалардың басым бөлігі, нақтырақ айтқанда 29-ы тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімінің тапсырысы арқылы іске асты. Бұл мақсатқа 1 млрд 850 млн 607 мың теңге бөлінген. Мемлекеттік бағдарлама аясында сәтті жүзеге асырылған жобаларға келер болсақ, олардың көпшілігі энергия үнемдеуді қамтамасыз етудің үлесінде. Энергия үнемдейтін шамдар Ғарышкерлер бульварына, Гагарин, Тимирязев пен Есенберлин көшелері және «Байқоңыр» қонақүйіне апарар жолға, сондай-ақ, 2, 4, 5, 6-шағын аудандарға орнатылды. 1-шағын ауданды және №3 жол өткелінен Балқаш көшесіне дейінгі айналма жолы, Алаш алаңы мен 91-орамнан Сәтбаев қаласы бағытындағы және Қарағанды-Жезқазған тас жолын жарықтандыру да мемлекеттік бағдарламаның қолдауы арқылы жүзеге асырылды. Жезқазғанға қарасты ауылдардың да жарықтандыру мәселесіне ден қойылғанын да айтып кетпеске болмас. Кеңгір ауылының көше шамдары ауыстырылып, қосымша жарық бағандары орнатылды. Теректі стансасы мен Пристанционный елді-мекені де жарықтандырылды. Сонымен бірге, Жезқазған қаласына қарасты ауылдардың тозығы жеткен ауыз су мен кәріз желілерін жөндеу аталмыш бағдарлама шеңберінде мүмкін болды. Атап айтқанда, Талап ауылындағы Бектепбергенов көшесіндегі ауызсу құбыры ауыстырылды, Кеңгірдегі ауызсу және кәріз жүйелерін ағымдағы жөндеуден өтті.

Жол жөндеу мен абаттандыруға да көңіл бөлінді. Мердігер «Гиматс-Транс» ЖШС Жеңіс көшесіндегі апатты деп танылған 11-үйді бұзса, «Медет» ЖК қаладағы 3 субұрқақты ағымдағы жөндеуден өткізді. «Адал Еңбек KZ» ЖШС «Қазақстан» композициясы, «Smart Invest Group» ЖШС Ғарышкерлер бульварындағы 21 А үйінің ауласын абаттандырды, Талап саябағын қоршау, Кеңгірге балалар ойын алаңын орнату жұмыстары өз деңгейінде, белгіленген кестеге сай жүргізді. Сондай-ақ, 320 млн теңгеге 58 тұрғын үйді ағымдағы жөндеуден өткізу жоспарланды. Бүгінде мердігер «Қазтұрғынүймонтаж» ЖШС сырты ескірген тұрғын үйлердің қасбеттері мен шатырларын жөндеп жатыр. Холмецский көшесіндегі және ЖЭО-нан Қорғанбай селосына дейінгі ұзындығы 30 шақырымды құрайтын жолдар орташа жөндеуден өтті.

Мемлекеттік бағдарлама аясында білім беру, мәдениет және әлеуметтік нысандарды салу мен жөндеу бағытында 11 жоба жоспарланды. Бүгінде Теректі стансасында 80 орындық мектеп, Жошы хан тарихи-мәдени орталығы мен 320 орынға арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы басталды. Сонымен бірге, 4 білім мен тәрбие беру және 4 мәдениет ошағы күрделі жөндеуден өтті. Облыстық бюджеттің қаржыландыруымен мемлекеттік архив ғимаратына қоршау қойылып, «Металлург» пен «Ұлытау» спорт нысандары, Жезқазған тарихи-археологиялық музейі жөнделді. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, жоспарланған 40 жобаның 36-сы бүгінде толық аяқталған. Үйлердің қасбеттерін жөндеу осы айдың аяғына дейін жалғасса, «Самға» ЖШС Жошы хан тарихи-мәдени кешенін, «БалхашпромТехстрой» ЖШС Теректі стансасындағы 80 орындық мектептің құрылысын 2021 жылы аяқтамақ. Жол картасы аясында бой көтере бастаған 320 орындық дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы мемлекеттік сатып алу конкурсына қатысқан мердігерлердің арасындағы дауға байланысты тоқтап тұр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен қабылданған «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасын жүзеге асыруға 1 трлн теңге бөлінгені белгілі. Әлеуметтік-мәдени, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық нысандарды, инженерлік-көлік инфрақұрылымын күрделі және ағымдағы жөндеу, реконструкциялау және салу, елді -мекендерді абаттандыру бағыты бойынша ел аумағында 6 107 жобаны іске асырып, 255 мың жұмыс орнын ашу жоспарланды. Бүгінде 150 мыңға жуық адамды жұмыспен қамтып үлгерген мемлекеттік бағдарламаның шарапаты алдағы жылдары да Жезқазған қаласына тиеді деген сенім бар.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

# АКЦИЯ МАҚСАТЫ – ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫ АРТТЫРУ

***1981 жылдан бастап әлем елдерінің белсенді әйелдері 25 қарашада зорлық-зомбылыққа қарсы күнді атап өте бастаған. Ал БҰҰ Бас Ассамблеясы 1999 жылғы 17 желтоқсанда 25 қараша әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы күрестің халықаралық күні деп жарияланды. Осы ретте жыл сайын ел аймағында «Әйелдерге қарсы зорлық пен зомбылықсыз 16 күн» деп аталатын акция ұйымдастыру дәстүрі қалыптасқан. Аталған науқан Жезқазған қаласы полиция басқармасы мен үкіметтік емес ұйымдардың бастамасымен мысты өлкеде де кең көлемде өтті.***

Тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру, құқық бұзушылықтың, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын ала отырып, отбасылық құндылықты бағалауды мақсат тұтқан акцияның өту барысы туралы Жезқазған қаласы ПБ жергілікті полиция қызметінің әйелдерге қарсы зорлық-зомбылық тобының инсекторы полиция капитаны Айжан Нұрманова толығырақ баяндап берді.

– Мамандардың сараптамасына сүйенетін болсақ, Қазақстанда әр 8-әйел зорлықтың әлде соның бір түрінің құрбаны екен. Әрбір жетінші бала отбасындағы ұрып-соғудың куәсі болғандықтан «өзіне қатысты зомбылық болады-ау» деген қорқынышпен үйіне барғысы келмейтін көрінеді. Ал жыл сайын 400 әйел отбасындағы зорлық-зомбылық кесірінен көз жұмады. Көп жерде әйелдер де, оларға қорлық көрсететіндер де құқықтарын білмейді. Сондықтан, мұндай мазмұндағы шараларды өткізіп тұру маңызды, – деген ол 2020 жылы Жезқазған қаласында әйелдерге қатысты 271 құқық бұзушылық фактісі тіркеліп, оның ішінде 61 факті бойынша әкімшілік хаттама толтырылғанын жеткізді. Осы фактілерге талдау жасаған жергілікті полиция қызметінің әйелдерге қарсы зорлық-зомбылық тобының қызметкерлері көбінесе әйелдер тұрғылықты жері, яғни үйінде жәбір көретінін анықтаған. Өз үйінде құқығы тапталғандардың саны 48 болса, 21 әйел қоғамдық орындарда көпшіліктің көз алдында зорлық-зомбылық көрген. Жәбір көрсетушілердің басым бөлігі әйелдің заңды күйеуі және ол мас күйінде болатынын да айта кеткен жөн болар. Айжан Нұрманованың айтуынша, зорлық-зомбылықтың құрбаны болған жезқазғандық әйелдердің көбісі жұмыссыз. Шынайы өмірде бұл цифрлар әлдеқайда жоғары. Өйткені, зәбір көрген көп әйел құқық қорғау органдарының көмегіне жүгіне бермейді. Бірі өз құқығын білмей жатса, тағы бірі «ертең қояр» деген жалған үмітпен өмір сүре береді. Сондықтан, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жылына бір рет өтетін акциямен тоқтату мүмкін еместігін жіті түсінген біздің елде бірқатар ауқымды шаралар өткізіліп тұрады. Атап айтқанда, полиция басқармасының қызметкерлері қалалық білім бөлімі мен денсаулық сақтау басқармасы өкілдігінің қатысуымен ай сайын «қорғау нұсқамасы», «ерекше талап» санаты бойынша профилактикалық есепте тұрған тұлғаларды тұрғылықты жері бойынша тексеріп, профилактикалық әңгіме жүргізеді. Үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп қиын жағдайға тап болған әйелдердің құқықтық сауаттылығын арттырып, қолдауға да атсалысады. Биылдың өзінде «Аналар үйі» дағдарыс орталығына келген 31 әйелдің 19-ына психологиялық, 12-іне құқықтық көмек көрсетілген.

2020 жылдың 25 қарашасы мен 10 желтоқсаны аралығында өткен «Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықсыз 16 күн» акция аясында ПБ жергілікті полиция қызметінің әйелдерге қарсы зорлық-зомбылық тобының инспекторлары «Томирис» қоғамдық бірлестігінің төрайымы В.Прединамен бірге полиция басқармасында есепте тұрған тұлғалармен кездесті. Сонымен қатар, әйелдерге қатысты құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу, зорлық-зомбылықты болдырмау мақсатында қала мектептері мен колледж ұжымы мен ата-аналарына, оқушыларына арнап «Әйелдерге қатысты және жастар арасындағы зорлық-зомбылықты алдын алу» тақырыбында онлайн форматта конференциялар өткізді.

– Отбасындағы кикілжің құрбандарының көпшілігі моральдық тұрғыдағы мінеуден қорқып, құқық қорғау органдарына шағымданудан бас тартып жатады. Осыған орай, әйелдер мен қыздар арасында олардың құқықтық сауаттылығын арттырып, алдағы уақытта қылмыстық әрекеттерді болдырмау бағытында профилактикалық шаралар әлі де өз жалғасын табады, – деп сендірді сөз соңында Айжан Нұрманова.

**Бота ШАЛҚАР**

СҰРАҚ-ЖАУАП

# АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК

## *туралы жиі қойылатын сұрақтар*

Атаулы әлеуметтік көмек табысы аз азаматтарға кешенді әлеуметтік көмек көрсетуді көздейді. Біріншіден, бұл ақшалай төлем; екіншіден, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу бойынша шаралар, яғни оқытуға, жастар практикасына, қоғамдық жұмыстарға, әлеуметтік жұмыс орындарына, шағын несие беруге, тұрақты жұмыс орындарына жолдама беру; үшіншіден, мүгедектерді әлеуметтік оңалтуды қамтитын әлеуметтік бейімдеу шаралары, заң кеңесін өткізу, тұрғын үй-коммуналдық қызметтерді төлеу бойынша шығындарды өтеуге тұрғын үй көмегін алуға жәрдемдесу, тұрғын үй беру үшін және балабақшаларға кезекке қою, сондай-ақ әйелдер консультацияларында есепке алу және өзге де шаралар (секциялар, үйірмелер, факультативтік сабақтар және мектеп жасындағы балалар үшін тегін тамақтану); төртіншіден, табысы аз отбасылардың балалары үшін кепілдендірілген әлеуметтік топтама *(азық- түлік жиынтығымен және тұрмыстық химия жиынтығымен қамтамасыз ету; оқу орны бойынша тегін тамақтануды, мектеп формасы мен мектеп керек-жарақтарын, қалалық қоғамдық көлікте жеңілдікпен жол жүруді ұсыну).*

АӘК 2 түрге жіктеледі: шартсыз және шартты ақшалай көмек.

Шартсыз ақшалай көмек еңбекке жарамсыз азаматтары бар отбасыларға немесе отбасының еңбекке жарамды жалғыз мүшесі объективті себептермен жұмысқа орналасуға мүмкіндігі жоқ отбасыларға беріледі *(үш жасқа дейінгі баланы, мүгедек баланы, бірінші немесе екінші топтағы мүгедек баланы, бөгде адамның күтімі мен көмегіне мұқтаж қарттарды күтуді жүзеге асырады)*.

Шартсыз ақшалай көмек алу үшін жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына міндетті қатысу талап етілмейді. Шартсыз ақшалай көмек өтініш берген айдан бастап ағымдағы тоқсанға тағайындалады және ай сайын төленеді.

Шартты ақшалай көмек өз құрамында кемінде бір еңбекке қабілетті мүшесі бар отбасыларға арналған және әлеуметтік келісімшарт жасалған және адал орындаған жағдайда көрсетіледі. Әлеуметтік келісімшарттың қолданылу мерзімі – 3 ай.

Шартты ақшалай көмек өтініш берген айдан бастап тағайындалады және ай сайын немесе әлеуметтік келісім-шарттың қолданылу кезеңіне бірыңғай түрде төленеді.

III тоқсанда АӘК алушы болғандарға өтінішті автоматты түрде IV тоқсанға ұзартылды. АӘК алғаш рет жүгінген азаматтарға да жұмыспен қамту орталығына барудың қажеті жоқ. Өтініш «электрондық үкімет» порталы арқылы беріледі, содан кейін жұмыспен қамту орталығының мамандары өтініш берушінің табысын, отбасы құрамын тексереді, ақпараттық жүйелерден деректерді алады және оған АӘК есептейді. Егер қандай да бір құжаттар жетіспесе, олар шақырылады немесе мессенджерлер арқылы нақтыланады.

АӘК отбасының әрбір мүшесіне кедейлік шегінен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табысы бар азаматтарға тағайындалады.

Бүгінгі күні кедейлік шегі күнкөріс деңгейінің 70% деңгейінде немесе 2020 жылдың 4 тоқсанына орта есеппен 23 501 теңге болып белгіленді .

Осылайша, бір адамға (отбасына) келетін АӘК-тің мөлшері жан басына шаққандағы орташа кіріс пен өңірлерде отбасының әр мүшесіне негізделген белгіленген кедейлік шегінің арасындағы айырма ретінде есептеледі.

Енді тұрғындарды қызықтырған сұрақтарға кезек берсек.

**1** ***Жәрдемақының толық мөлшерін алу үшін айдың басынан бастап құжаттарды тапсыру міндетті ме?***

Жоқ, міндетті емес. Атаулы әлеуметтік көмек өтініш берген айдан бастап тағайындалады және өтініш берілген күнге байланысты емес. Мысалы, егер сіз құжаттарды уәкілетті органға 20 қазанда тапсырсаңыз, онда сіз төлемді толық көлемде бүкіл айдікін аласыз.

**2** ***АӘК алу үшін тұрғылықты жері бойынша тіркелуім қажет пе?***

Иә, керек. АӘК тағайындау үшін тұрғылықты жері бойынша тұрақты немесе уақытша тіркеу қажет.

**3** ***Жәрдемақы алу үшін отбасының бір мүшесіне қандай табыс қажет?***

Егер отбасының бір адамға шаққандағы айлық табысы 23 501 теңгеден (кедейлік шегінің мөлшері) аспаса, бұл жағдайда отбасының жан басына шаққандағы орташа табысы мен отбасының әрбір мүшесіне шаққандағы кедейлік шегінің мөлшері арасындағы айырма түріндегі атаулы әлеуметтік көмек төленеді.

Мысалы: отбасының табысы 50 мың теңгені құрайды, отбасында 5 адам. 50 000: 5 = бір адамға 10 000 теңге. Кедейлік шегінің мөлшері 23 501 теңгені құрайды. Демек, 23 501 – 10 000 = 13 501 теңге. Бұл 1 адамға АӘК мөлшері. Яғни, АӘК бүкіл отбасына айына 13 501 х 5 = 67 505 теңге тағайындалады.

**4** ***Жәрдемақыны есептеу кезінде бірге тұратын барлық туыстардың табыстары есепке алынатыны рас па?***

Отбасының құрамына бірге тұратын, ортақ шаруашылық жүргізетін, туыстық қатынастары бар барлық отбасы мүшелері, сондай-ақ баланың әкесі деп танылған, жасына қарамастан онымен бірге тұратын бала асырап алушылар, оның ішінде баланы тәрбиелеуге қатысатын бірге тұратындар кіреді.

Отбасы құрамына кірмейді:

– толық мемлекеттік қамсыздандырудағы адамдар;

– мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер;

– бас бостандығынан айыру орындарындағы немесе мәжбүрлеп емдеудегі адамдар.

**5** ***Еңбекке қабілетті кім?***

1, 2 топтағы мүгедектерден, екі айдан астам стационарлық емделуде жүрген азаматтардан, 3 жасқа дейінгі балаларды бағып-күтумен айналысатын аналардан басқа отбасының барлық ересек мүшелері еңбекке жарамды болып табылады.

**6** ***Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде қандай табыс ескеріледі?***

Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде есепті кезеңде алынған, салық салынуға жататын барлық табыс түрлері ескеріледі:

1) еңбекақы, әлеуметтік төлемдер түрінде алынатын табыстар;

2) алимент түріндегі табыс;

3) жеке қосалқы шаруашылықтан түсетін табыс;

4) кәсіпкерлік қызметтен түсетін табыс;

5) жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын жалға беруден және өткізуден түсетін табыс;

6) бағалы қағаздардан түсетін табыс;

7) жылжымайтын мүлікті, көлік құралдарын және басқа да мүлікті сыйға тарту, мұраға қалдыру түрінде алынған табыс және коммерциялық қызметтен түскен барлық табыс.

**7** ***Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде қандай табыс есепке алынбайды?***

Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде есепке алынбайды:

1) атаулы әлеуметтік көмек;

2) тұрғын үй көмегі;

3) жерлеуге арналған біржолғы жәрдемақы;

4) он алты жасқа дейінгі мүгедек балаларға мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар;

5) 16 жастан 18 жасқа дейінгі мүгедек балаларға мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар;

6) стипендиялар.

**8** ***Атаулы әлеуметтік көмекке құжаттарды қалай және қайда тапсыруға болады?***

Адам жеке өзінің немесе отбасының атынан АӘК тағайындау үшін тұрғылықты жері бойынша халықты жұмыспен қамту орталығына, ал ол болмаған жағдайда — кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне жүгінеді.

Мемлекеттік инстанцияларда адамдардың көп жиналуын болдырмау және COVID-19 жұқтыру қаупін азайту мақсатында Жезқазған қаласының жұмыспен қамту орталығында атаулы әлеуметтік көмек пробелсенді форматта тағайындалуда.

Covid-19 таралуына байланысты шектеу шараларының қолданылуының бүкіл кезеңі бойынша азаматтар АӘК-ті бастапқы тағайындау үшін Электрондық Үкімет порталы арқылы электрондық форматта өтініш бере алады.

**9** ***Жұбайымен ажырасқан, мен балалармен тұрамын. АӘК алу үшін алимент туралы мәліметтерді міндетті түрде ұсыну қажет пе? Мен алимент алуға өтініш білдірмедім. Қалай тағайындалатын болады?***

«Неке және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексінің 138-139-баптарына сәйкес ата-аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларын асырап-бағуға міндетті.

Осыған байланысты, егер баланың ата-анасы арасында неке қиылса немесе баланың әкесі болып табылатын адам онымен бірге тұрмаса, баланы тәрбиелеп отырған ата-ана алимент алуға өтініш жасауға міндетті. Жиынтық табысты есептеу Ережелеріне сәйкес, алимент есепке алынбай АӘК тағайындау кезінде АӘК тек келесі жағдайларда тағайындалады:

– борышкер жұмыс істемейді және жұмыспен қамту орталығында жұмыссыз ретінде тіркелген жағдайда;

– борышкер бас бостандығынан айыру орындарында немесе уақытша ұстау изоляторында болған жағдайда;

– борышкер туберкулез, психоневрологиялық, онкологиялық, санаторий-курорттық диспансерлерде (стационарларда) есепте тұрған жағдайда;

– борышкер іздеуде болған жағдайда.

Егер ерлі-зайыптылар арасындағы неке (ерлі-зайыптылық) бұзылса, бірақ ерлі-зайыптылардың біреуінен алимент өндіріп алынбаса, отбасының жиынтық табысында олардың бірге тұру фактісіне қарамастан, оның табысы толығымен ескеріледі.

Борышкер тиісті құқық қорғау органының анықтамасымен немесе учаскелік комиссияның қорытындысымен расталған балаларды және басқа да асырауындағыларды асыраудан жалтарған кезде жиынтық табыс алименттер есепке алынбай есептеледі. Қалған жағдайларда алименттерді есепке алмай АӘК есептеу үшін негіздемелер жоқ.

Балаларға және басқа да асырауындағыларға алынған алименттер мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың тиісті ақпараттық жүйелерінде мәліметтер болмаған кезде және (немесе) олар өтініш беруші ұсынған мәліметтерге сәйкес келмеген кезде ұйымдардың аударылған алименттер туралы анықтамаларымен не пошта аударымдарының алынған алименттер туралы түбіртегімен, сондай-ақ сот органдарының алименттерді өндіріп алу туралы актісін қоса бере отырып, еркін нысандағы жазбаша өтініш негізінде расталады. Алимент бойынша 3 айдан асатын кезең үшін берешек пайда болған кезде сот орындаушысының алимент бойынша берешекті айқындау туралы қаулысы ұсынылады.

**10** ***Кепілдендірілген әлеуметтік топтамасы дегеніміз не? Кімге ол тиесілі?***

Кепілдендірілген әлеуметтік топтаманы АӘК алатын отбасылардан шыққан балаларға азық-түлік және гигиеналық құралдар (1 жастан 6 жасқа дейінгі балалар) және ыстық тамақ, оқу құралдары, мектеп киімі (6 жастан 18 жасқа дейінгі балалар) түрінде беріледі.

Атаулы әлеуметтік көмек тағайындау мерзіміне 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға көмек көрсетіледі, яғни жәрдемақы беру тоқтатылған жағдайда кепілдендірілген әлеуметтік топтамасы да тоқтатылады. 6-18 жастағы балалар үшін көмек бүкіл оқу жылына жалпыға бірдей оқу қоры арқылы көрсетіледі, яғни АӘК беруді тоқтату ыстық тамақпен, мектеп керек-жарақтарымен және мектеп формасымен қамтамасыз етуден бас тартуға негіз болып табылмайды.

**11** ***Кепілдендірілген әлеуметтік топтаманы (бұдан әрі — КӘТ) кім алуға құқылы?***

Құрамында 1 жастан 6 жасқа дейінгі балалары және орта білім беру ұйымдарында оқуға кіріспеген алты жасқа толған балалары бар атаулы әлеуметтік көмек алушылардың КӘТ алуға құқығы бар.

**12** **Жыл басынан бері КӘТ құрамы өзгерді ме?**

Халықтың тілегін ескере отырып, балаларды КӘТ-пен қамтамасыз ету үдерісі жетілдірілді. Ағымдағы жылғы қыркүйекте азық-түлік жиынтығының құрамы мен көлеміне өзгерістер енгізілді. Азық-түлік жиынтығының сақтау мерзімін ұлғайту үшін ультрапастерленген сүтпен толықтырылды, қарақұмық жармасының маусымдық тапшылығына байланысты, күріш түріндегі балама көзделген. Сондай-ақ, балаларға арналған жеміс-жидек пен көкөніс пюресі енді ең қолайлы өнімді таңдауға мүмкіндік беретін бір атауға біріктірілді.

**13** ***2021 жылдан бастап КӘТ беру үдерісі қалай өзгереді?***

Уақытты үнемдеу және тауарларды таңдауды кеңейту мақсатында 2021 жылдан бастап КӘТ беру Әлеуметтік қызметтер порталына (бұдан әрі — Портал) ауыстырылады. Ағымдағы жылдың қазан айынан бастап облыстың барлық өңірлерінде «пилоттық» режимде КӘТ-ті Портал арқылы ұсыну үдерісі іске қосылды.

**14** **КӘТ-ті Портал арқылы алу үшін қалай тапсырыс беруге болады?**

Порталда КӘТ-ке тапсырыс беру үшін өтініш берушіде немесе отбасының кәмелетке толған мүшесінде электрондық-цифрлық қолтаңбаның болуы қажет.

Дербес компьютер мен интернетке қолжетімділік болған жағдайда, Сіз КӘТ-ке **aleumet.egov.k**z сайтында өз бетіңізше тапсырыс бере аласыз, ал жеке компьютеріңіз болмаған жағдайда, өзіне-өзі қызмет көрсету аймағы бар ауылдық округ әкімдігіне немесе халықты жұмыспен қамту орталығына, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне, халыққа қызмет көрсету орталығына жүгіну қажет. Мамандар осы порталды қалай қолдануды білмейтіндердің барлығына кеңес береді, сонымен қатар КӘЖ сатып алуға өтініш беруге көмектеседі.

**Кенжегүл АЙСАҚОВА,**
**«Жезқазған қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ**
**бас маманы**

САЙЛАУ – 2021

## Жезқазған аумақтық сайлау комиссиясының партиялық тізімді тіркеу туралы ХАБАРЛАМАСЫ

### «ADAL» саяси партиясы» ҚБ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 104-бабына сәйкес Жезқазған аумақтық сайлау комиссиясы 2020 жылғы «05» желтоқсанда құрамына 3 (үш) адам кіретін «ADAL» саяси партиясы» ҚБ партиялық тізімін тіркеді:

| р/с № | Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) | Туған жылы | Атқаратын лауазымы (кәсібі) жұмыс және тұрғылықты жері |
|---|---|---|---|
| 1 | Касымова Шолпан Идрисовна | 1971 ж. | Бизнес-тренер, «Атамекен» ҰКП, Жезқазған қ. |
| 2 | Бимуханов Кондыбай Файзуллаулы | 1994 ж. | Кәсіпшілік жөніндегі инженер, KMG Nabors Drilling Company, Жезқазған қ. |
| 3 | Мамансейіт Нұржан Қалдашұлы | 1981 ж. | Бөлімше бастығы, «Еуразиялық банк» АҚ, Жезқазған қ. |

## Жезқазған аумақтық сайлау комиссиясының партиялық тізімді тіркеу туралы ХАБАРЛАМАСЫ

### «Ақ жол» Қазақстанның демократиялық партиясы» ҚБ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 104-бабына сәйкес Жезқазған аумақтық сайлау комиссиясы 2020 жылғы «07» желтоқсанда құрамына 4 (төрт) адам кіретін «Ақ жол» Қазақстанның демократиялық партиясы» ҚБ партиялық тізімін тіркеді:

| р/с № | Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) | Туған жылы | Атқаратын лауазымы (кәсібі) жұмыс және тұрғылықты жері |
|---|---|---|---|
| 1 | Орынбетова Макпал Касымовна | 1965 ж. | Жезқазған қ. «Дидар» телеарнасының бас продюссері, Жезқазған қ. |
| 2 | Толегенов Мусабек Менлибаевич | 1963 ж. | «Т.б.Пром-Сервис KZ» ЖШС директоры, Жезқазған қ. |
| 3 | Асанқали Жанат Рахымұлы | 1968 ж. | «Ақ жол» ҚДП Жезқазған филиалының өкілі, Жезқазған қ. |
| 4 | Төлеубай Толқын Науаиқызы | 1998 ж. | Жұмыссыз, Жезқазған қ. |

## Жезқазған аумақтық сайлау комиссиясының партиялық тізімді тіркеу туралы ХАБАРЛАМАСЫ

### «Қазақстан Халық партиясы» ҚБ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 104-бабына сәйкес Жезқазған аумақтық сайлау комиссиясы 2020 жылғы «05» желтоқсанда құрамына 4 (төрт) адам кіретін «Қазақстан Халық партиясы» ҚБ партиялық тізімін тіркеді:

| р/с № | Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) | Туған жылы | Атқаратын лауазымы (кәсібі) жұмыс және тұрғылықты жері |
|---|---|---|---|
| 1 | Христофориди Светлана Борисовна | 1964 ж. | Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 9 тірек мектеп-интернаты, Жезқазған қ. |
| 2 | Ибраев Шаркан Уалиевич | 1955 ж. | Төраға, «Жезқазған өңірінің тау-кен металлургия өнеркәсібі еңбекшілерінің кәсіподағы» ҚБ, Жезқазған қ. |
| 3 | Карабеков Сабыржан Егинбаевич | 1973 ж. | Нұсқаушы, «Марал Нұр» ЖШС, Ұлытау ауданы, Ұлытау ауылы |
| 4 | Жарқынбек Гүлназым Шырынбекқызы | 1994 ж. | Өзін-өзі жұмыспен қамтыған, Жезқазған қ. |

# БИЫЛ БЖЗҚ САЛЫМШЫЛАРЫ 1,1 ТРИЛЛИОН ТЕҢГЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАБЫС АЛДЫ

***БЖЗҚ-дағы зейнетақы жинақтарының сомасы 12,6 триллион теңгеден асты. Оған зейнетақы жарналары мен инвестициялық табыстың кіретіні белгілі.***

Естеріңізге сала кетейік, жеке зейнетақы шоттарына (ЖЗШ) түсетін, есебін БЖЗҚ жүргізетін зейнетақы жарналарын зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқарушы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі түрлі қаржы құралдарына инвестициялайды.

Тәуекелдерді азайту мақсатында инвестициялық портфель инвестициялау түрлері, бағыттары, оның ішінде валюталар бойынша әртараптандырылған. Қазіргі уақытта инвестициялардың 2/3 жуығы теңгемен және 1/3 жуығы шетел валютасымен, оның басым бөлігі АҚШ долларымен номиналданған.

Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарының сомасы зейнетақы активтерін инвестициялау нәтижелеріне сәйкес күн сайын қайта есептеледі және қайта бағаланады. Инвестициялық табыстың құрамына бағалы қағаздар (салымдар және басқа да операциялар) бойынша сыйақы, қаржы құралдарын нарықтық қайта бағалау, валюталық қайта бағалау, сыртқы басқарудағы активтер бойынша кірістер және т. б. кіреді.

Ағымдағы жылдың 10 айында 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап 31 қазанына дейін салымшылардың шоттарына 1,1 трлн теңге мөлшерінде таза инвестициялық кіріс есептелді. Бұл 2019 жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен екі есе артық (01.01.2019 жылдан бастап 31.10.2019 жылға дейін таза инвестициялық кіріс 551,1 млрд теңгені құрады). Айта кетейік, 01.11.2019 жылдан бастап 31.10.2020 жылға дейінгі бір жыл ішіндегі кірістілік 7,1% инфляция кезінде 10,88% болды. Бұл ретте 2020 жылдың басынан бастап кірістілік 9,94%, ал инфляция 5,5% құрады.

Жалпы алғанда, барлық зейнетақы активтері БЖЗҚ-ға біріктірілген сәттен бастап Ұлттық банк қамтамасыз еткен инвестициялық табыс шамамен 4,6 трлн теңгеге жетті. Есепті күнге зейнетақы жинақтарының жалпы көлеміндегі таза инвестициялық табыстың үлесі 34,5%.

Егер Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесі құрылған 1998 жылдан бергі кезеңді алатын болсақ, онда таза инвестициялық табыс 5,4 триллион теңгеден асты. Осы уақыт ішінде инвестициялық кірістілік өсу қорытындысымен 596,69% құрады. Ал инфляция 485,55% болды. Осылайша 2020 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша зейнетақы активтерінің нақты табыстылығы 111,14%.

Сонымен қатар зейнетақы жинақтары – бұл ұзақ мерзімді инвестициялар және инвестициялық табыс мөлшерін кемінде 1 (бір) жыл кезең үшін талдау керек. Қысқа мерзімді деректер (күнделікті, ай сайынғы және т.б.) көрсеткіш бола алмайды, себебі олар күнделікті нарықтық жағдайға тәуелді.

Инвестициялық басқару мен зейнетақы активтерін есепке алудың барлық жүйесі ашық: әрбір салымшы өзінің инвестициялық табысын enpf.kz сайтындағы жеке кабинеттен немесе ұялы қосымшаның көмегімен бақылай алады. БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару және зейнетақы активтері орналастырылған қаржы құралдары туралы ақпарат Қордың ресми сайтындағы (www.enpf.kz) «Көрсеткіштер/Инвестициялық қызмет» бөлімінде жарияланып отырады.

**«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы**

## ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

*Жезқазған қаласы* *№ 55/466 3 желтоқсан 2020 жыл*

# ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ 2019 ЖЫЛҒЫ 27 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ XXXXII СЕССИЯСЫНЫҢ №42/371 «2020-2022 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕР БЮДЖЕТІ ТУРАЛЫ» ШЕШІМІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

***Нормативтік-құқықтық акт Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, Қарағанды облысы әділет департаментінде 2020 жылғы 7 желтоқсандағы нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №6116 болып енгізілді***

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес Жезқазған қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Жезқазған қалалық мәслихатының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы XXXXII сессиясының №42/371 «2020-2022 жылдарға арналған ауылдық округтер бюджеті туралы» (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5626 тіркелген, 2020 жылғы 06 қаңтардағы Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде, 2020 жылғы 24 қаңтардағы №3 (8167) «Сарыарқа» газетінде, 2020 жылғы 24 қаңтардағы №3 (310) «Жезказганский вестник» газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«1. 2020-2022 жылдарға арналған Кеңгір ауылдық округінің бюджеті 1, 2, 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 78245 мың теңге, оның ішінде:
салықтық түсімдер – 250 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 36 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;
трансферттер түсімі – 77959 мың теңге;
2) шығындар – 78245 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 мың теңге, оның ішінде:
бюджеттік кредиттер – 0 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 мың теңге;
4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге, оның ішінде:
қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;
5) бюджет тапшылығы (профициті) – алу 0 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0 мың теңге, оның ішінде:
қарыздар түсімі – 0 мың теңге;
қарыздарды өтеу – 0 мың теңге;
бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 0 мың теңге»;

2 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«2. 2020-2022 жылдарға арналған Талап ауылдық округінің бюджеті 4, 5, 6 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 45493 мың теңге, оның ішінде:
салықтық түсімдер – 62 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 0 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;
трансферттер түсімі – 45431 мың теңге;
2) шығындар – 45493 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 мың теңге, оның ішінде:
бюджеттік кредиттер – 0 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 мың теңге;
4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге, оның ішінде:
қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;
5) бюджет тапшылығы (профициті) – алу 0 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0 мың теңге, оның ішінде:
қарыздар түсімі – 0 мың теңге;
қарыздарды өтеу – 0 мың теңге;
бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 0 мың теңге»;

3 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«3. 2020-2022 жылдарға арналған Сарыкеңгір ауылдық округінің бюджеті 7, 8, 9 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 45906 мың теңге, оның ішінде:
салықтық түсімдер – 10 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 71 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;
трансферттер түсімі – 45825 мың теңге;
2) шығындар – 45906 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 мың теңге, оның ішінде:
бюджеттік кредиттер – 0 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 мың теңге;
4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге, оның ішінде:
қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;
5) бюджет тапшылығы (профициті) – алу 0 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0 мың теңге, оның ішінде:
қарыздар түсімі – 0 мың теңге;
қарыздарды өтеу –0 мың теңге;
бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 0 мың теңге.»;

***Ел арасында «Сәкен қалпе» атанған Сәдуақас Ғылмани – көрнекті қоғам және дін қайраткері, аудармашы, ақын. Ол қазіргі елорда іргесіндегі Ерейментауда және Ақмоланың өзінде мешіт имамы болды. 1952-1972 жылдары Қазақстан қазиятының қазиы, сондай-ақ Орта Азия және Қазақстан діни басқармасының мүшесі қызметін атқарды.***



Ағартушы 70-жылдары «Құран туралы жала мен өтіріктерге қарсы» атты кітап, 110 мыңға жуық сөзді қамтыған «Арабша-қазақша түсіндірме сөздік», «Ел аузынан жиған-тергендер (би-шешендер мұрасы)» жинағын даярлады. Құран Кәрім аяттары мен хадистердің қазақша тәпсірін, Мәуліт жырларын, діни сауалдарға жауаптар мен діни уағыздарды әзірледі. 14 тараудан тұратын әйгілі «Кәлила мен Димнаны» қазақшаға аударды. Қазақстан Ғылым академиясының тапсырмасымен әл-Фараби шығармаларын араб тілінен тікелей қазақ тіліне аударуға атсалысты.

Қайтар алдындағы өсиетіне қарағанда, ол «Ислам діні туралы 42 кітапша жазған, «Кәлила мен Димна» аудармасын 1958 жылы Ғылым академиясына тапсырған, Олжабай Нұралыұлы екеуі Л.Толстойдың «Адамның Алла мен тағдыр анықтаған жолы-тын. Ендеше шартты заманалар мен шекаралар дауылында Еділ бойынан Ереймен топырағына келіп орнығып, сүйек ұстап, шұрқырасып ағайын тапқан Сәдуақастың арғы атасын да, бергі атасын да қазақ демеуге әддіңіз жоқ. Себебі оның ата-бабасы қандас, діндес туыстарымен еркін біріккен, азат тұтасқан.

Ал енді адами немесе шығармашылық айтыс-тартыс, сөз қағыстыру барысында Шортанбай мен Майлықожалардың – «қожа», «сарт», «араб», ал Ақмолла мен Сәдуақастардың – «ноғай», «естек» болып кетуі жай қалжың мен әзіл ғана. Бұдан астар іздеу, мұны «қысыр әңгімеге» айналдыру – құр әурешілік (айтқандайын, башқұрт арасында жүрген «қазақ» атты рудан бастап басқа да қазақ ішіндегі аталармен аттас, заттас ру атауларына қатысты та осыны айтуға болады).

Жалпы Сәдуақас Ғылманидың өлеңдерін оқып отырып, ауылдастарына, ұстаздарына, шәкірттеріне, туған жеріне деген риясыз үйренгенін, сонан кейін Шарықты жайлауында Байдүйсен хазіреттен сабақ алғанын, 14 жасында «бала молда» атанып, Тасбақа, Өмірзақ ауылдарында шәкірт оқытқанын, 15 жасында бұрынғы оқуына көңілі толмай бір қыс Төре ауылында Айтмағамбет молдадан «Бұғар Зада», «Тұхфаны» меңгергенін, тағы бір жылдан соң Тойғанкөлдегі Төлеңгіт ауылында Ақтамақ қалпе медресесінде Бейіс досы екеуі оқығанын, осында 6 жыл болып, 3 жыл оразада «елге шығып, азырақ қаражат дүние құрағанын» (Құран оқып, имандылық шарасын істеп), жетінші жылы Қайлан байдың ауылында бала оқытып, қыста қайта медресеге келіп, Хекмат ғайын, молла Жәлелден сабақ алғанын жазады. Сондай-ақ 24 жасында ауыл-аймақ ақсақалдарынан разылық батасын алғанын, Аққозы ауылында 3 жыл бала оқытқанын, сөйтіп өзі айтқандай «надандық салдарынан» 1916 жылғы көтеріліске киліккенін («Әлекке кездестірді қараңғылық / Айтқанға тіл алмадық соңына

# Сәдуақас ҒЫЛМАНИ – РУХАНИЯТ ШЫРАҚШЫСЫ

ақыл парасаты» атты еңбегін өлеңмен аударған».

Әрине бүгін ел рухани жаңарып-жаңғырып жатқан тұста Қазақстан қауымы үшін жоғарыдағыдай көл-көсір мұра қалдырған тұлғаның аты мен заты маңдайға басып қадірлейтіндей болуы керек. Дін, руханият тарихын жіті білетін азаматтар «Сәдуақас Ғылмани» десе, елең ете қалады. Өйткені олар үшін Сәдуақас Ғылмани – ХХ ғасырдағы ұлт рухани ізденісінің, діни талабының әрі жарқын үлгісі, әрі «ақтаңдағы».

Жасырып не керек, осы «ақтаңдақ» ұғымы бізге солтүстік көршімізден келді. Патша тұсында гранкасы теріліп қойған кітапты да сүзгіден өткізетін цензорлар болған екен. Солар жаратпаған жерлер кейін кітап шыққанда жолақ-жолақ ақтаңдақ күйінде қалатын ұқсайды. Егер бұл дәстүрді кеңестік цензура да жалғастырса, біз де оны «ақтаңдақ» деп жатсақ, танымға қиғаш келмейді.

Сәдуақас Ғылманиға қатысты «ақтаңдақ» екі бағдарда аңғарылады.

Бірінші, егер біз оның шығармашылығын толық қалпына келтіріп, жүйелеп, талдап, халыққа лайықты ұсына алсақ, қазақ әдебиеті тарихындағы аса трагедиялы әрі идеологиялық таптаурынға ұрынған 30-жылдар мұрасын жаңа қырынан таныған болар едік. Бұдан да түсінірек етіп айтсақ, Сәдуақас Ғылмани туындылары 1929-1930 жылдары ұсталып, ойындағысын айта алмай кеткен Алаш арыстарының арман-аңсарын жеткізеді. Отандық әдебиет тарихының тұтас бір кезеңіне сәулесін түсіреді: үзілген жерді жалғайды, кемді толықтырады.

Екінші, Сәдуақас Ғылмани қайраткерлігі ХХ ғасырдың өн бойындағы Қазақстан діни жолының ізденісі мен іркілісін, қапалығы мен қателігін, өрісі мен терісін байыптатады. Әйтпесе, тұтасқан атеистік қоғамда отырып діни пайым айту немесе сұхбат пен мәмілеге келу қай тараптың ұпайын түгендейтіні түсінікті.

Діндар, ғалым, ағартушы Сәдуақас Ғылмани тұлғасын танып, зерделеуде тағы да бір ақиқатты айналып өте алмаймыз. Ол – ғұламаның ата тегі туралы шындық. Дәл осы тұста «Ғылманидың тегі» және «қарға тамырлы қазақ» деген ұғымдарды параллель жүргізіп салыстыруға болады.

Қазақ халқының этникалық тек-тамырынан шамалы хабары бар адамның өзі ұлт аты «еркін бірігу» мен «азат тұтастанудан» өрбігенін аңғарар еді («Ер қазақ ежелден еркіндік аңсаған» деп басталатын бұрынғы гимнің бірінші нұсқасында көп мән бар). Әйтпесе ғасырлардың арғы белесінде ұлыс, ел, мемлекет болған түрлі этностық бірліктер уақыт өте келе тарихи-қоғамдық-саяси факторлардың әсерінен бір шаңырақтың астынан табылуы – олардың кемшілігі емес, ықыласын анық байқаймыз. Сондықтан ол бөлектенуге, ағайынға жат қылық танытуға жаны қас. Мысалы, ақын бүй дейді:

Алтау ала болғанда, аузың босар,
Қанша сақтап жиғанын түгел құсар.
Төртеу түгел болғанда, аймақ шұлғып,
Нендей өрен жүйріктің бәрі тосар.

Шәкірттеріне арнаған бір туындысында бауырмалдық мәселесін былайша тілге тиек етеді:

Адал жүрек – талап, шарт,
Тілек керек – елді ағарт.
Жұмсақ тілді майда бол,
«Қазақ», «ноғай», демей «сарт».

Сөйте тұра Сәдуақас Ғылмани қазақтың «Тексіз тегін жасырады» деген сөзін жақсы білген. Сондықтан бір өлеңінде:

Сәкен қалпе атым ед,
Қанжығалы затым ед.
Тыңда, халқым, құлақ сап,
Бұл бір айтар датым ед, – деп елге қажет тағылымды, иманды мәселелерді қозғайды.

Ал бірқатар өлеңінде жеті атасының тарихын жасырмай, қазақ жеріне қалай келіп, осы ұлтқа қайтіп діни білім нұрын шашқанын әуезелейді.

ХХ ғасыр басында өмірбаянды немесе биографияны «тәржімахал» деген. Ағартушы діндар ақын «Өмір тарих», «Ұзау себебім», «Тәржімә хал» атты танымдық өлеңдерінде және басқа да туындыларында ата-бабасы мен өзінің өмірбаянын біршама сөз етеді.

Қазіргі энциклопедияларда және журналистер жазып жүрген таныстырылымдарда Сәдуақас Ғылманидың туған жылы «1890» деп көрсетілген. Өзі «Өмір тарихында»:

Жылым – қоян туған жыл жарық көріп,
Айтылған сөз атадан есептеліп.
Қай жұлдызда туғаным ұмытылған,
Жазылмаған сызықта көзге ілініп, – дей отырып, әке-шешесінің «сүт суалтар кенжесі болғанын» айтады.

Бүгін біз тұтынатын григориан күнтізбесіне салсақ, 1890 жылдан кейінгі 1891 жыл – қоян жылы екені айқындалады (наурыз – жыл басы, сондықтан қалыптасқан дата дұрыс). Барлық деректерде, ұрпағының естеліктерінде Сәдуақас Ғылманидың Ақмола облысы Ерейментау маңындағы Малтабар ауылында өмірге келгені көрсетілген. 1972 жылы 24 сәуірде Алматы қаласында дүние салған. Сүйегі Кеңсай зиратына жерленген. Ақын мұрасын жинастыруға атсалысқан марқұм Тасмағамбет Тәлімұлы тапқан бір суреттің сыртына 70-жылдары Сәдуақас ақсақал өз қолымен араб харпінде:

Мен қария – сексеннен асқан Сәкен,
Еркелетіп атапты мені әкем.
Шын атым азан айтқан - Сағырақадыр,
Туғанмын Ерейментау өсіп-жеткен, – деп жазыпты.

Сондай-ақ осы өмірбаян жырынан Сәдуақас қалпенің анасынан 11 жаста айырылғанын, алғаш араб тілін өз бабасынан еріп / «Күлің көкке ұшады» десе дағы / Жүре берді «айтақ» деп мазақ қылып), жазалаушы әскердің сойқанын өз көзімен көргенін, сол шамада Қусаққа жасырынып киреші боп Екібастұзға астық тартқанын, 1917 жылы орыс әскерінің тағы да қырғынын көргенін, сол шамада туған апайы Мәпеннің (өзінен 4 жас үлкен) аурудан қайтқанын (бақұлдасады), атыс-шабыста біраз ағайын-туыс, құрбы-достан айырылғанын айтады. Әсіресе осында орыс солдаттары атып өлтірген туған ағасы Мұқанның қайғылы хәлі көз жасымен жазылған. Жас діндар имандылық кетіп, имансыздық орнаған заманда кісіні кісі аямайтынын өкінішпен еске алады. Әсіресе бейкүнә адамдарды ату, азаптау, тәлкекке түсіру төңкеріс шағының негізгі сипатына айналғанын қинала пайымдайды. Сөйте тұра Алладан, алдағы күннен үміттенеді, «қазаға риза, пәлеге сабырмын» деген тәуба сөзді дәйектеп:

Тағдыр – жел, пенде басы – ол бір қаңбақ,
Жел соқса, бөгелерлік жоқ қой салмақ.
Билік желде болғандай, жазмыш Ие,
Қалай жөнге сияды қапаланбақ? – дейді.

Осы тұста Сәдуақас Ғылманиға рухани әріптес, тәлімгер болып, кеңестік-атеистік жүйенің біраз құқайын көрген ерейментаулық қалпелер (діндарлар) туралы да айта кеткен жөн. Өлкенің ауызша тарихында Тоқан хазірет пен Ақтамақ, Әкбар, Ақтан, Шахман, Ақажан қалпелердің аты мен заты ерекше айтылады. «Осынау діндарлар белгілі қоныс-мекендерде мешіт-медресе ашып қана қоймай, халықтың сөзін сөйлеп, аса шешуші сәттерде елдіктің алтын арқауын сақтап қалды. Айталық, қатты қуғын көрген Олжабай Нұралыұлы ақын Тоқмағамбет (Тоқан) Дұмаұлы жөнінде «Елге пір болған қазіреттің өлігі тіріден артық» дегені бар. Ал Ақтан қалпе ешқандай саясаттан қаймықпай Ақтөбеде айдауда жүрген Олжабай, Барлыбайға елдің қаржысын жинап апарған. Ел іші «Сәкен қалпе» атайтын С.Ғылмани қуғын көргенде, діндар қатарластары мен шәкірттері астыртын жәрдемдесіп отырған» дейді өлкетанушылар. Осы тұлғаларға байланысты елеулі мәліметтер қаламгер Сайлау Байбосынның «Ерейментау» танымдық кітабында, журналист Жанат Түгелбайдың мақалаларында, инженер Бексұлтан Смайыл мен Қайролла Тоқтыбайдың аз-кем естелігінде ұшырасады. Әлбетте отаршылдық заманының қалың тұманында өз бетінше шарқ ұрып ізденіп, Түркістан өңірінен Еділ бойына дейінгі мықты оқымыстылардан тәлім алған қазақтың қазірет-қалпелері туралы кешенді зерттеулер жүргізу – қазіргі уақыт талабы деп есептейміз. Өйткені осы арқылы да діндар ағартушы Сәдуақас Ғылмани ғұмырбаянының «ақтаңдақтары» айқындала түсер еді.

Діндар ғұламаның көркем шығармалары сан қырлы. Ақын мұрасын шартты түрде бес топқа жіктеуге болады. Біріншісі – көңіл-күй өлеңдері, екіншісі – сюжетті немесе оқиғалық негізі бар шығармалары (мұның көбі діни тақырыпта), үшінші – насихат өлеңдері, төртінші – арнау өлеңдері, бесінші – жауап-хат өлеңдері. Әлбетте бұлардың ішінде тақырып ауанына қарай бір-бірін толықтыратын туындылары да кездеседі. Сонымен бірге жаңашыл ақынның «Ж.Аймауытұлының «Психологиясына» және «Наполеон сөзі» (соңғысы бір арнаудың ішіне енген) атты өлеңі 30-жылдар әдебиетінің соны бағдарын танытады. Бұл сыни-аналитикалық шығармалар болашақ Қазақстан қазиының ерте-ақ сауатты, білімді, білікті болғанын көрсетеді.

Діндардың «Сөз құрылысы», «Өлең-жырды қолдану себебім», «Ана тілі», «Бір кісінің календарының сыртына жаздым» атты туындыларының тақырыбы, мән-мағынасы ғылым мен танымға жақын. Ал енді қазір қолымыздағы жыр-мұрасын жоғарыдағы бағдармен қарасақ, мынандай болып көрінеді.

**Көңіл-күй өлеңдері:** «Ылажы ыразылық», «Мінәжат мұң», «Соңғы таю», «Өкіну», «Түс шайы», «Дұға», «Ғажап тұрмыс», «Уайым», «Көңілім», «Мүнәжәт», «Мешіт», «Елестейді көзіме», «Өткен күнді жоқтау зары», «Тілекті мұңы», «Арманды ойы», «Зары», «Жұмбақ із», «Сәлемдеме орнына арналды мыналарға», «Саналыға», «Ескерткіштің тізбегі», «Жұмбақты ақыл», «Көз көргенге ризалық», «Пендешілік зарым», «Ауырлық басқа түскен заман болды», «Ұзау себебім», «Қара күн», «Қиял-мұңның бір тарауы», «Омбы облысы Астархан жолында», «Мен не көрдім?», «Тұрмыс тоқпақ арналған», «Көз көргенге ризалық», «Әй, дүние!», «Мен не көрдім?», «Жаратылыс сырына ғажапсыну», «Кәрілік», «Өкіну».

**Сюжетті немесе оқиғалық негізі бар шығармалары:** «Бос кеткен бес нәрсе», «Қасас сүресінің әз аяты мен тәпсірі аудармасының мазмұны», «Әуһәл-Уәләдтің» біраз аудармасы», «Ұзақ хадис аудармасы», «Тәпсірден бір әңгіме», «Жақсылық тану», «Бір ертегі», «Ертегіден үлес», «Бір әңгіме», «Бәни Есрайылдың үш қазысы», «Дуана мен патша әңгімесі», «Әбубәкір қазіреттің біраз жайы», «Торғайлардың қаулысы», «Дос дегеннің ұққанына», «Тарихи оқиға (көз көргендер)», «Өмір тарих», «Бір күні Ғабдумәлік патша ағзам» (аударма), «Тәржімә хал», «Құран оқу – сауап іс».

**Насихат өлеңдері:** «Құрбан айты», «Сопылар», «Үгіт», «Хадис аудармасы», «Араб өлеңдері» топтамасы, «Қорытынды», «Үгіт сәлем Б.Ж. інілеріме», «Жауыздық, қорлық туар жақыныңнан» (арабтан), «Мәуліт айы», «Дәулет, бақыт, абырой не?», «Менiңше, бақыт», «Сахар, Назым», «Мінәжат», «Зейін ашу бәйіті».

**Арнау өлеңдері:** «Балаларыма», «Бір баламa», «Қапанға», «Інім Қалысқа арнап туыстармен амандықпен үгіт», «Арнауым – бір досыма, ишарасы – жалпыға», «Акбар қалпеге арнадым», «Ғалымхан мен Нұрымға», «Шала белсенділерге арнадым», «Ермұқан Бүкеұлына», «Қалжың», «Жағыпар молланың әйелі өлгенде...», «Молдажанға», «Қасымтай Әбежанұлына», «Түсін бергенге», «Жанділдаға», «Мұқажанға қалжың», «Қияшқа», «Тәшмағанға», «Бір жолдасымның баласы өліп естірткенде...», «Тар тұтқында дос-жар ініме», «Шәмсөнге арналған қалжың өлең», «Олжабайға», «Ермұханға», «Әтиім үшін ғазал», «Шәкірттеріме жазғаным», «Кейбір арнаулы молдаларға».

**Жауап-хат өлеңдері:** «Төре ауылымен сәлем», «Жансары Мұқашұлына сәлем», «Ермұқанға, Бекболатқа», «Ескерткіш», «Екінші рет сағыныштa жүректен сәлем», «Сәлем хат», «Молдажаннан», «Менен хатқа жауап», «М-дан», «Мұңдыдан мұңдыға», «Хатқа жауап», «Сәлем хат Өркенге», «Тілекті хат», «Жағыпар молланың жазғаны», «Молдажанға тілек хат», «Молдажанның жауабы», «Рахилаға тапсырдым», «Тасболат баласы Сәленге», «Қарағандыдағы бауырыма», «Ақмола стансасындағы бауырларға», «Төлештің сәлем хаты», «Тайып Шериязданұлы», «Қажытатын себептер», «Бекболаттың Ермұхан болып жазғаны», «Оған қарсы жауабым», «Бекболаттың жазғаны», «Менің жауабым», «Тағы соған», «Олжабай Нұралыұлының хатына жауап», «Қасенге тапсырындым», «Қалжың қылып Жәмилә айтады», «Құрбым Қасенбайдың маған жазғаны», «Оған менің жауабым».

Сәдуақас Ғылмани өлеңдерінен, көңіл-күй жазбаларынан діндар тұлғаның дінге беріктігі, ділге орнықтылығы, парасатқа алғырлығы, ақылға кенендігі, ұлтқа жанашырлығы, ағайын-туысқа адалдығы айқын аңғарылады. Ол әркез Құран сүрелерінен дәйек алып, ой-тұжырымын елдің мың жылдық дәстүрімен шегелеп отырады. Міне, осыған қарап Сәкен қалпенің қиын кезеңде, сын сағаттарды руханият шырақшысы болғанын аңғарамыз.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Алаш» мәдениет және рухани даму институты Сәдуақас Ғылманидың соңында қалған қомақты поэзиялық мұрасын жинап, жүйелеп, 2010 жылы «Ел-шежіре» баспасынан (директоры марқұм Дидахмет Әшімханұлы ыждағатымен) жеке кітап етіп шығарды. Осы еңбекті даярлау үстінде Құдай қолдап, жанашыр, жанкүйер адамдар түс-түстан табылды. Бұл халықтың Сәкен қалпеге деген ықыласы мен пейілі еді. «Бір өзі тұтас Исламтану орталығының жұмысын атқарған ғұлама жинағының әзірге бір том болып халыққа жетуі – бәріміз үшін де абырой» десті иманды елі. Бұл іс те, ниет те жалғасын табуы тиіс.

**Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ,**
**Л.Гумилев атындағы ЕҰУ проректоры,**
**ҰҒА академигі**

*«Мұнара» газеті, №22, 2020 жыл*

## БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫНА

# «ЖАТАҚХАНА – ӨЗ ҮЙІМ, ӨЗ ҮЙІМДІ САҒЫНДЫМ»

***Студенттердің сапалы білім алуына олардың бүгінгі күннің талаптарына сай жайлы тұрмысының өзіндік үлесі бар. Алыс аудандардан білімге сауып келген, арманға құлаш ұрған қыз-жігіттердің бірден-бір ат басын тіреп, тұрақ тебер орыны – жатақхана. Біле-білгенге студенттердің бұл да өз үйі десе де болғандай.***

Қазақ ғылым, білімінің қарашаңырағы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде 15 жатақхана бар. Онда 5000-ға жуық студент пен PhD докторанттар орналасқан. Әр жатақханада материалдық база жеткілікті, санитарлық нормалар мен ережелерге сәйкес кітапхана филиалдары, демалыс бөлмелері, асхана, сақтау камералары, ас әзірлейтін және жуынып-шайынатын орындар, өз бетімен сабаққа дайындалатын бөлмелер ұйымдастырылған. Әрбір бөлме заманауи үлгідегі жиһаздармен жабдықталған.

Студенттер қалашығындағы тәртіп пен тазалықты студенттер ұйымы бақылайды. Әр қабатта, әр бөлмеде староста сайланып, ол әр бөлменің және ондағы мүліктің таза әрі ұқыпты ұсталуын талап етеді. Жатақхана жұмысының талапқа сай жұмыс істеуіне университет әкімшілігі, кешен және жастар ісі жөніндегі ұйым, кәсіподақ ұйымы, студенттер қалашығының басшылығы бақылау жасап отырады. Жатақхана тазалығына немесе тұрмыстық жағдайды жақсарту жайында тұрғындардың талап-тілектері ескерусіз қалған кез болған емес.

Отбасы бар және тұрмыстық жағдайы төмен студенттерге де кейбір жеңілдіктер жасалып, жеке бөлмелер берілген.

Жатақханада қоғамдық мәдени іс-шаралар студенттер кеңесі мен кешен жетекшісі бекіткен жоспар бойынша жиі өткізіліп тұрады. Қызықты кездесулер мен пікірталас, сырласу кештерін ұйымдастырып тұру дәстүрге айналған. Жатақханада тәрбие жүйесі ұлттық және діни ерекшеліктерді ескере отырып кешенді түрде және саралап ұйымдастырылады. Ол студенттердің ой-өрісін дамытуға, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға, халық дәстүрін, әдет-ғұрыптарын үйренуге әсер етеді. Сондай-ақ, көркемөнерпаздық және техникалық шығармашылық үйірмелері, спорттық және туристік секциялар, әуесқойлар бірлестігі мен мүдделестер клубтары сан алуан байқаулар өткізіп отырады. Білім алушылар үшін қоғамның түрлі салаларын еңбегі сіңген тұлғалармен де кездесулер ұйымдастырылады.

Жатақханалар арасында ондағы оқу және мәдени-тұрмыстық бөлмелер мен тұрғын бөлмелердің тазалығы, ішкі тәртіп пен мәдени щаралардың ұйымдастырылуы, үгіт-насихат жұмыстарының көркем безендірілуі тағы да басқа шаралар бойынша жарыстар өткізіледі. Білім алуымызға қолайлы жағдай туғызған, сырлас дос тауып берген жайлы қонысымыз өз жатақханамызды өз үйіміздей көріп, көздің қарашығындай таза ұстау әрбір студенттің парызы деп студенттерге үнемі айтып отыру керек. Осы студенттердің жайлы өмір сүруіне университет бар тиімді жағдайды жасап отыр.

Биылғы оқу жылына қабылданған 1-курс студенттері үшін жатақхананы көру арман болып тұр деуге болады, себебі еліміздегі төтенше жағдайға байланысты. Бұл шаралар әсіресе 1-курс студентеріне өте қажет деген ойдамыз. Еліміздің әр түрлі аймағынан келген студенттер жаңа ортаға бейімделе алмай, қиналып жүргенде оларға қолдау көрсетіп, ақыл кеңестерін айтып,білім алудың жолы оңай емес екенін, адам баласына даму үшін үнемі үзденіс керек екенін және заманның дамуына орай шет тілін өз тілінен артық меңгеру қажеттігін, әрбір бос уақыттарын текке өткізбей белгілі – бір қажеттілікке жұмсаса сол адам ғана білімнің көкжиегіне шыға алатынын ұғындыра білу керек. Сондай отырыстардың бірін молекулалық биология және генетика кафедрасының кезекшілігінде кафедра меңгерушісі Зәуре Айташеваның «Әлем тілдері сыр шертеді» деген диспутын айтуға болады. Осыну диспут барысында Зәуре Ғайнетдинқызы өзінің бірнеше тілді қалай меңгергенін, тілді қалай тез үйренуге болатын жолдарын әңгімелеп, студенттерге ағылшын тілінде, орыс тілінде, француз тілінде сұрақтар қойып қызығушылықтарын тудырды. Онлайн форматта өткен жиында студенттер білікті оқытушының сырлы әңгімелерін ұйып тыңдап, университет табалдырығын сағынғандарын, оның ішінде жатақханадағы достарымен, бөлмелерімен қауышуға асық екендерін айтты. Жатақханадағы қызықты сәттерін қуанышпен еске алған стденттер жиынды ұйымдастырушыларға зор алғыстарын білдірді.

**Жанар ЧУНЕТОВА,**
**Назгүл АЛТЫБАЕВА,**
**Әл-Фарабиатындағы Қазақ Ұлттық университеті**
**биология және биотехнология факультеті**
**молекулалық биология және генетика**
**кафедрасының куратор – эдвайзерлері**

# ВОЛОНТЕРЛАР ҚОЗҒАЛЫСЫ – ҚАРҚЫНДЫ

***Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен волонтерлар жылы аталған 2020 жыл жезқазғандық белсенді жастар үшін де ерекше болды. Аталған жыл мысты шаһарда қала әкімінің волонтер жастармен кездесуінен басталды.***



Биыл волонтерлардың тікелей атсалысуымен 150-дей іс-шара ұйымастырылды. Жалпы Жезқазған қаласында 200 ден аса ерікті бар. Олардың әрқайсысы «Бірлік», «Жылы жүрек», «Серкенің серілері», «Жастар болашақ», «Алтын жүрек», «Спортты дамыту орталығы», «Жеңіс», «Мейірім», «Хадия», «Жігер», «Мерседес» деп аталатын волонтерлік топтарға мүше. Олардың жастары да әр түрлі. 70 пайызы 16-29 жастағылар, 25 пайызын 30-45 жас арасындағылар, 5 пайызын 45-55 жас арасындағы қала тұрғындары. Еріктілер клубының жетекшілері жастар ресурстық орталығымен тікелей қарым-қатынаста жұмыс істейді.

Қала еріктілері, әсіресе, әлемді жайлаған COVID-19 індеті кезінде «Біз біргеміз!» акциясы аясында білек сыбана, күні-түні қайырымдылық шараларымен айналысты. Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне, аз қамтылған отбасылар мен мүмкіндігі шектеулі, жалғыз басты қарт кісілерге, көп балалы отбасыларға азық-түліктер, дәрі-дәрмектерін жеткізіп, үй шаруашылығына қол ұштарын берді. Белсенді волонтерлардың ұйытқы болуымен 2 көп балалы отбасына пәтер кілті тапсырылды. Сондай-ақ еріктелер өз денсаулықтарын қатерге тіге жүріп, «Індетке қарсы күрес» акциясымен Жезқазған, Сәтбаев қалаларына орналасқан ауруханаларда оқшауланған ем алушыларға да керек-жарақтарын жеткізіп берумен айналысты. Жезқазғандық еріктілер Құрбан айт мейрамы кезінде 50-ден астам аз қамтылған отбасыны азық-түлікпен қамтамасыз етті.



Волонтерлардың атсалысуымен Кеңгір су қоймасы бірнеше рет қоқыстан тазартылды. «Біз біргеміз» акциясы аясында қала тұрғындары мен қонақтарына 10000 дана медициналық маска тегін таратылды және бұл игі іс бүгінге дейін жалғасын табуда. Күн сайын қала тұрғындарына медициналық маскалардың вирустан сақтайтын алғашқы құрал екенін түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Жастар ресурстық орталығы жанашыр жастар мен жезқазғандық еріктілердің қатысуымен «Мен туымды мақтан етемін» атты республикалық акция ұйымдастырыды. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Туған жер» арнайы жобасы аясында «Қазақмыс» корпорациясының қаржылай қолдауымен «ECOSTART» жалпықоғамдық экологиялық акциясы өтті. Қалалық полиция басқармасы бастамасымен республикалық «Түнгі қаладағы балалар» рейдтік шарасына да жиі қатысып тұрамыз. «Әлемдік тазалық күні» акциясына да өз үлесімізді қостық.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай Жезқазған қаласының әкімдігі мен БҰҰ-ның аймақтарды дамыту бағдарламалары мен жобаларды жүргізетін «UNDP Kazakhstan» ұйымының қолдауымен «Birlik» волонтерлар клубы ашылды. Мұнда барлық волонтерлар келіп, жаңа идеаларымен бөлісу мүмкіндігіне ие.

Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбек бекіткен жастардың ахуалын жақсарту аймақтық жоспары аясында қалалық жастар ресурстық орталығы волонтерлармен бірге көпбалалы, аз қамтылған отбасыларға тегін киім-кешек тарату акциясын ұйымдастырды. Бүгінгі таңға дейін аз қамтылған, көпбалалы 50 мұқтаж отбасы өздеріне қажет киім-кешек және тұрмысқа қажетті заттарды алды. «Бірлік» волонтерлар клубының еріктілері Кеңгір ауылында тұратын аз қамтылған отбасыға азық-түлік жиынтығы мен 2 тонна көмірді жеткізіп берді. Пандемия кезінде аянбай жұмыс істеген еріктіміз «Қазақмыс» корпорациясының атынан жаңа пәтер кілтін иеленсе, тағы әріптесіміз «Халық алғысы» төсбелгісімен марапатталды. Волонтерлар жылын қорытындылау және 5 желтоқсан «Дүниежүзілік волонтерлар күніне орай «Пандемия кезінде күндіз-түні халық амандығы үшін өз уақыттарымен санаспай ел игілігі үшін жұмыс жасаған 100 ерікті Жезқазған қаласы әкімінің Алғыс хаты және «Алтын жүрек» төсбелгісімен марапатталды. Біздің волонтерлар осы қарқыннан таймай, болашақта да ауқымды шаралардың басы-қасынан табылады.

**Саят БАЛМАҒАНБЕТОВ,**
**Жезқазған қаласы жастар ресурстық орталығы директорының міндетін атқарушы**

# ҚАШЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ- КӘСІБИЛІК ДЕҢГЕЙІНІҢ КӨРСЕТКІШІ

***2020 жылдың 16 наурызынан бастап Білім және ғылым министрлігінің шешімімен қашықтан оқыту технологиясымен білім беру жүйесі ауыстырылды. «Қашықтан оқыту жүйесі қалай жүргізіліп жатыр? Қашықтан оқытуда білім сапасының көрсеткіші қандай жағдайда?» деген сұрақтар туындайды.***



Осы орайда Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтің айтуынша, аз уақытта жұмыс тобы құрылып, жаңа форматтағы білім жүйесінің моделі жасалды. «Індет кезеңінде оқу үрдісін ұйымдастыру бойынша уақытша шаралар енгізген көршілес елдердің тәжірибесі, халықаралық тәжірибе зерделенді» делінген. Оқушылар үшін 2 мыңнан астам телесабақ әзірленді. «Balapan» (қазақ тілінде) мен «Еларна» (орыс тілінде) телеарналар да сабақ берілуде, – деген болатын. Жаңа оқу жылына арналған жоспарлар да қашықтан оқытуға байланысты өзгерістер жарияланды. Оқу процесінде сандық білім беру технологияларын қолданғалы мұғалімдер өз уақытын және балалардың уақытын қалай тиімді пайдалануға болатынын ұйымдастырды. Онда ұстаз шеберлігіне байланысты заманға сай оқытылу түрлерін қолданады. Мұғалім өз қызметін нәтижелі атқаруы үшін және кәсіби деңгейін көтеру мақсатында қашықтан оқытудың әдіс-тәсілдерін үйрететін онлайн курстар, семинарларға қатысуы арқылы сапалы білім беру жолдарын тиімді жүргізіп жатыр. Жаңартылған білім мазмұнымен қашықтан оқыту кезінде қиыншылықққа бой алдырмай, оқушылармен қарым-қатынасты жүзеге асыру заманауи талаптарға сай дамуы білімді бағалау және пайдалану жүйесін уақытылы өзгертіп отыруды талап етеді. Осыған байланысты оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер, әдістемелер, технологиялар білім беру талаптарына байланысты жаңартылып отырады. Сапалы терең білімді меңгеруге талпынған өскелең ұрпақтың жеткілікті дәрежеде сандық сауаттылығы бар, себебі олар өмір жағдайлары барысында жаңа технологияның барлық мүмкіндіктерін пайдаланады.

Сабақ барысында «ZOOM» платформасымен видеосабақ жүргізіп, оқушыларға шағын сабақтарды түсіндіруде кері байланыс жасауда «Whatsapp» желісі арқылы өткізіп отырамын. Мұндағы бір ерекшелік сыныпта көп ашыла бермейтін оқушылардың белсенділігін байқатады. Жіберілген кері байланыстарды саралау арқылы көз жеткіздім. Сонымен қатар тәрбие жұмыстарында да оқушылар өздеріне жүктелген тапсырмаларды тиянақты қызығушылықпен орындап жіберуі де үлкен жетістік. Оқушыларға мотивация болсын деп, мерейлерін көтеру мақсатында фейсбук желісіне өткізілген сабақтар мен тәрбие жұмыстарын жүктеп оқушылар мен ата-аналардың чаттарына жіберу оқушыларды шыңдай түседі. Осы тұрғыда айтарым қашықтан оқыту тек оқушылардың емес, ата-аналардың да белсенділіктерін оятады. Қашықтан оқыту барлығына оңай соқпағанын білеміз. Бірақ та ұстаз міндетті әр уақытта оқушыға сапалы білім мен саналы тәрбие берудің тиімді жолдарын таба алуында деп білемін. Ата-аналар тарапынан ұстаз еңбегінің өлшеусіз биік екенін білдірген мадақтау сөздерінен, ризашылдығынан сезіп, разы боласың.

Қашықтан оқыту заман талабы болса, оны ұйымдастыруда ең бастысы электрондық материалдар, қашықтан оқытудың дидактикалық жасалымы, педагог-үйлестірушілерді дайын болуы керек екенін білдік.

Қашықтан оқыту технологиясының артықшылықтары өте көп. Онда оқушы: уақытты үнемдейді, өзіне ыңғайлы уақытта оқиды, денсаулығына байланысты шектеулер болмайды, ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар мен құралдарды мейлінше қалауында қолданады.

Мұғалім бұл оқу жүйесінің артықшылдығын, тиімділігін оқушының жас ерекшеліктерін ескере отырып, жұмыс түрлерін пайдалану арқылы көреді. Осы мүмкіндіктерді нәтижелі қолдану мұғалімнің біліктілігіне, біліміне, тәжірибесіне байланысты.

**Гүлімай САПИЯНОВА,**
**№ 1 жалпы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі**

## ЭКОСОФИЯ

### *Пайғамбардың жақтасы*

Бір заманда Мұхамбет пайғамбарды дұшпандары өлтірмекші болады. Пайғамбар олардан қашып ,бір үңгірге тығылады. Қаскөйлер ізінен қуып жетеді. Сол сәтте Құдайдың құдіретімен үңгірдің аузына келіп, өрмек тоқиды. Бір кептер ұя салып үлгереді.

Залымдар ізге түсіп, үңгірді дәл табады. Бірақ пайғамбардың онда тығылғанына күмәнданады. Себебі өрмекшінің торы үзілген,-кептердің ұясы бұзылмаған еді. Олар үңгірдің аузын әрі-бері кезіп кейін қайтады. Осылайша өрмекші мен кептердің арқасында аман қалады. Пайғамбар үңгірден шыққан соң, өрмекші мен кептерге батасын беріпті.Содан бастап өрмекші киелі жәндікке айналыпты.

### *Суды бүлдірме*

Озалда Тәңірі Тағала Әбілет пен Табілет деген екі мақұлықты жаратыпты. Оларды жер жүзіне таратыпты. Жердегі барлық нығметті екеуінің қажетіне қаратыпты. Бірақ олар шүкірлікті білмейтін, ысырапты көзге ілмейтін көрсоқыр еді. Әсіресе, суды бүлдіріп, былғапты. Арам ісінен түңіліп, су да оларды қарғапты. Қарғысы қабыл болып, күндердің күні толып, Әбілет пен Тәбілеттің ажалы жетіп, көктей солып, екеуі Тәңірдің алдына барады. Бұлардың күнәсі көп еді, сондықтан барар жері тозақтың төрі еді. Жаһанамда бұлар қатты шөлдейді. Құдайға жалынып, бір жұтым су болса деп тілейді. Сол сәтте оларға су келеді, бірақ бір тамшы да бермейді. Әбілет пен Тәбілет:

– Уа, Су, неге шөлімізді баспайсың? Бізге рахым ет, – деп жалынады. Су:

Сендер жер бетінде жүргенде, менің қадірімді білмедіңдер. Сондықтан су бермеймін,– деп кері бұрылады. Әбілет пен Тәбілет сол кезде барып судың қадірін білген екен.

Адам дүние салар сәтінде қатты шөлдеп қиналады деседі. Егер бұл дүниеде суды ысырап етпесе, өлер сәтінде шөл қыспай бұл сынақтан аман өтіп кетеді екен.

**«Экософия немесе киелі табиғат» кітабынан**

## БӘРЕКЕЛДІ!

***Биыл жезқазғандық бүлдіршіндер қыстың қызығына молынан батады. Себебі, Жезқазған қаласы әкімдігінің қолдауымен коньки алаңы іске қосылмақ. Көптен бері осы жобаны ойлап жүрген жезқазғандық бапкер Жасұлан Шубаев жоспарының шындыққа айналуына себепкер болған қала әкімі Қайрат Әбсаттаровқа алғысын білдірді.***

# МҰЗ АЙДЫНЫ АШЫЛАДЫ

– Жезқазған қаласында коньки тебетін мұз айдыны керек деген ұсыныстың айтылып жүргеніне бірер жыл болды. Биыл сәті түсіп, ұсынысымыз қолдау тапты. Жезқазған қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімінің бастамасымен бүгінде коньки алаңын дайындауға кірісіп кеттік. Коммуналдық мекемелердің көмегімен 6-ықшамаудандағы М.Жәлел мен Мир даңғылы қиылысындағы бос алаңқайдың қары тазаланды, жарық тартылды. Коньки алаңы тегіс болуы шарт. Оған қажетті су мәселесі де оңтайлы шешімін тапты, – дейді Жасұлан Шубаев.

Қала тұрғындарының игілігін ойлаған бұл азамат мұз айдыны конькиі бар балалар үшін де, ересектер үшін де тегін екенін айтты. Ал конькиі жоқтар қайтпек? Бұл сұрақтың да жауабын шешу үшін алдағы уақытта коньки сатып алу ойластырылған. Конькиді жалға алу бағасы да елдің қалтасына айтарлықтай ауыртпалық түсірмейтін көрінеді. Аланда сырғанақ алаңы да жасалып жатыр. Үш жолақтан тұратын сырғанаққа қажетті баллондар да сатып алынбақ.

Жасұлан Шубаев бұл жердің сәніне сән қосу мақсатында шырша орнатуды да ойластыруда. Қыстың сәні қардан жасалған мүсіндермен көркейе түсетіні анық. Сол мақсатта ол қардан түрлі жан-жануарлар бейнесін жасауды да бастап кетіпті. Біз барғанда аю бейнелі қар мүсіні аяқталуға таяп қалыпты.

Демалушылар үшін шағын шайхана да қызмет көрсетпек. Аталған идеяны көтеріп, ұсыныс тастаған жас кәсіпкерлерге Жасұлан Шубаев қай кезде де қолдау білдіріп, ниеттерін қостайтындығын жеткізді. Оның айтуынша, коньки мен сырғанақ алаңы желтоқсанның жиырмасына дейін толық дайын болмақ.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**






